


Каз. 98  
СФ 84 К  
181 - 2/0

ЛҮПІЛ  
ҚАҚҚАН  
ПӘК  
ЖҮРЕК



ЛУПІЛ  
ҚАҚҚАН  
ПӘК  
ЖҮРЕК

7-2012  
07  
181

41901 - 1341

ББК 84 Қаз 7—44—5  
Л 85

**Лүпіл қаққан пәк жүрек: Олимпиада шығармаларының жинағы. Орта және жоғары класс оқушыларына арналған. Құраст. А. ҚЫЛЫШБАЕВ.— Алматы: «Рауан», 1990.—76 бет.**

Бұл коллективтік жинақ ақын-жазушылардың не ғалымдардың, болмаса белгілі бір мамандық иелерінің әңгіме, өлең, мақалаларынан құралған дүние емес. Жас өспірімдердің жүрек лүпілдері, жан шуағы. таңғы шықтай таза, үзіліп түсер сыр моншақтары...

Өздерінің ой-арманын, айналадағы шындыққа көзқарасын, келешекке деген тәтті үмітің білдіретін осынау ой ұшқындары мен жақсы сөз, жылы лебіздер әрбір мұғалімді, бала тәрбиелеуге қатысы бар әрбір азаматты бейжай қалдырмас деп сенеміз.

Л  $\frac{4805000000}{404(05)}-90$  263—89

ББК 84 Қаз 7—44—5

ISBN 5-625-00642-3

© «Рауан» баспасы, 1990

## БАЛ ДӘУРЕН, БАЛҒЫН ҮМІТ

Қаршадайымнан әдебиетші болсам деп армандадым. Мен үшін ана тілімнен ардақты ештеңе жоқ еді. Қазақ тілінің кез келгенді баурап алатын ғажайып сиқыры бардай болып көрінетін. Иісі қазақтың барлығы ана тіліне дәл мендей қарайды деп ойлайтынмын. Осы ойдың әсері ме, әлде, қазақы ауылда туып-өскендіктен бе, ана тіліміздің ешқандай проблемасы, шешілмей жатқан мәселесі жоқ сияқтанушы еді.

Қателескенімді кейін, студент болған соң білдім. Негізгі проблеманың барлығы осы ана тіліміздің төңірегінде екен. Ана тілін білмейтін, тіпті оның мүмкіндігіне шек келтіретін, менсінбей қарайтын адамдарды алғаш көргенде таң қалғаным есімде. Қазақ өз тілін білмейді деген ой менің басыма келмеген. Ең өкініштісі — олар ана тілімді білмеймін-ау деп қынжылудың орнына орыс тіліне шорқақ біздерді кінәлап, мықтап ұялтатын. Ұяла жүріп біз орыс тілін үйрендік. Ал оларға ана.

тілі керек болған жоқ. Мұның толып жатқан объективті себептері бар екен.

Ана тіліміз көп адамға керек болмайтындай дәрежеге дейін төмендегенге кім кімәлі? Әрине өзіміз.

Тіл-әдебиет пәніне деген ниет те салқындап кеткені рас. Осы пәнге бөлінетін сағаттың кеміп кеткені туралы мұғалімдер жиі айтады. Неге бұлай? Бұдан 30—40 жыл бұрын әдебиет пәніне бөлінетін аз ғана сағатқа кемеліне келген, бүкіл әлемге танылған қазіргі қазақ әдебиетін сыйдыруға бола ма? Қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезовтың творчествосын бес-алты сағатқа қалай сыйдыруға болады? Өкінішке орай, осы шындықты біз бүгінгі күнге дейін мойындамай келдік. Әдебиет сандық жағынан ғана емес, сапалық тұрғыдан да өзгерді. Осыдан көптеген жылдар бұрын жазылған кейбір шығармалардың оқушылардың талабын қанағаттандыра алмайтындығын көп ретте ескере бермейміз.

Республикамызда спорт, математика, физика, химия, биология, орыс тілі, тарих және де басқа пәндерден олимпиада өткізіліп тұрады. Жоғарыда аталған пәндерге бейімделген мектептер де аз емес. Бұл тізімге қазақ тілі мен әдебиеті іліне алмай келді. Ана тіліміздің беделінің түсіп кетуіне осылар секілді толып жатқан себептер әсер етті-ау деп ойлаймын.

Қазақ тілі мен әдебиеті бойынша өткізілген республикалық бірінші олимпиада сол кемшілікті жоюға байланысты жасалған алғашқы шара. Алғашқы олимпиада болғандықтан ұйымдастыру жұмысында шалалықтар болды. Ойын жүйелеп жеткізе алмайтын балалардың шығармаларын оқып, олардың республикалық

олимпиадаға қалай өтіп кеткеніне таң қалдық. Мұның өзі қалалық, облыстық олимпиадалардың қалай болса солай өткендігінің бір мысалы.

«Қазақстан пионері» газеті, «Балдырған», «Пионер», «Арай» сияқты журналдарға әңгіме, өлеңдері жарияланып жүрген талапкерлер көп. Бірақ олар бұл олимпиадаға іліне алмаған. Әр облыс командасын бесаспап балалармен (тіл-әдебиет пәнін жақсы оқитын, ән айтатын, би билейтін) жасақтаған. Сол себепті де олимпиадаға қатысқандардың ішінде төл творчествосымен елең еткізгендер тым аз болды.

Тіл-әдебиеттен өтетін олимпиадаға көркемөнерді қосақтаудың қажеті жоқ-ау деп ойлаймын. Көркемөнерпаздардың әртүрлі дәрежедегі байқауы аз өтпейді. Математика, физика немесе спорттық олимпиадаға көркемөнерпаздар қатыспайды ғой. Келесі олимпиада өтетін кезде осы жағын ескерген жөн.


Осыдан төрт-бес жыл бұрын республикада бірінші рет тіл әдебиет пәні бойынша Алматыда қалалық олимпиада өтті. Олимпиаданың ойдағыдай өтуіне қалалық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының қызметкері Б. Аманбаева көп еңбек сіңірген еді. Олимпиаданың ұйымдастыру комитетіне тіл-әдебиет пәнінің осындай шынайы жанашырларын тарту керек еді...

Бұл жинаққа енген шығармалардың көркемдік деңгейі әр түрлі. Мені қуандырғаны, оқушылардың көпшілігі жаттандылықтан аулақ, болмысқа әрқайсысы өз дүрбісімен үңіледі. Ең бастысы — оларда үлкен жүрек бар. Туған жер мен ана тілі тағдырына байланыс-

ты айтылған балғын ойларды оқып отырғанда көз алдыма құнарлы топыраққа отырғызылған шыбық елестеді. Әлгі шыбықтардың күні ертең алып бәйтерекке айналып, көпке сая боларына сендім.

*Баққожа Мұқаев.  
Олимпиаданың жюри мүшесі, жазушы,  
Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының  
лауреаты,*

# АШЫҚ АСПАН





## ҚҰМАШ АҒАНЫҢ ҚОЛТАҢБАСЫ

*Адам артына қарап ай-  
ланады,  
Алдына қарап өседі*  
Ф. Мүсірепов.

Қытай халқы мен совет халқын достастырғысы келгендей, осы территорияны бойлай аққан тұңғық ойлы Қара Ертіс пен еркелей аққан Қалжыр өзені ауылымның сәні. Көктем шыға айналасы жасыл желекке оранып, құстардың әсем әніне бөленеді. Тұрақты соғып тұратын желінен бе, әйтеуір, Боран аталып кеткен ауылым шұғылалы өлке — Кенді Алтайдың өңірінен орын тепкен. Сапар шегіп алыстаған сайын көз алдына сол ауылымның әрбір үйі, әрбір жас талы көзіңе оттай басылып, ыстық көрінеді. Алыстан қол бұлғап қалған алтын ұя — мектебің көз алдына келеді. Мектептің атын атасақ, «Марканың Мересьеві» атанған СССР Халық мұғалімі, ерен еңбегі мен ерлігі одаққа танылған марқұм Нұрғалиев Құмаш ағаның бейнесі көз алдыма елестейді.

Он тоғыз жасында Отанды неміс басқыншыларынан азат етуге майданға аттанып, бүлдіршіндердің бал күлкісі үшін екі аяғы мен сол қолын жоғалтып, бірінші топтағы жарымжан бола тұра болашақтан үміт үзбей, еселі еңбегінің, қажымас қайратының арқасында, одаққа танымал «СССР Халық мұғалімі» атанды. Жерлес ақынымыз Серік Ғабдуллин айтқандай:

Шынында да,  
Шынында да,  
Шын ерлік,  
Құлақ тындап,  
Дәуір көріп жүрерлік.  
Үш протез,  
Қос балдақпен шыңға асу —  
Нағыз қайрат  
Аңыз етіп жүрерлік,—

деген, өлең жолдары ерлік гимні іспеттес асқақ үнмен шалқиды. Ұзақ жыл мектебімізді басқарған Құмаш ағайдың ерлік еңбегі, батырлығы, таусылмас қайраты мені қатты толғандырады. Сол үшін де өз мектебімді ерлік мектебі десем де артық болмас. Одаққа атағы мәлім біздің мектептің ішіне кіре қалсаңыз, пролетариаттың ұлы көсемі В. И. Лениннің революциялық еңбегіне арналған кең залда — оқушыларды ерлік пен достыққа тәрбиелейтін Даңқ залын, Абай мен Пушкиннің, Әуезов пен Шолохов сияқты сөз зергерінің ұлағатты сөздері мен портреттерін көріп, сүйсінесіз. Оқушылардың спортпен айналысуына, мерекелік концерттер қоюға, кездесулер өткізуге арналған акт зал өз алдына. Барлық кабинетте радио, телефон, теледидар... Мектеп талабына сай техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілген телеорталық ауыл, аудан мақтанышы. Мектеп теледидарынан аптасына екі рет қазақ және орыс тілдерінде мектеп тілшілері дайындаған «15 минут» атты хабар беріледі. Сонымен қатар, оқушылар еденді өздері жуып, комсомол, «бестіктер» жұмысын өздері басқарады.

Бізге республикамыздың басқа облыстарынан, тіпті одақтас республикалардан қонақтар жиі келеді. Мектеп тарихымен танысқан-

нан кейін жақында солардың бірі: «Сіздердің әр кабинеттеріңізден Құмаш ағаның қолтаңбасы мен-мұндалап тұрады екен» деп әзілдепті. Соны естігенде жүрегім бір түрлі шымырлап қоя бергендей болды. Шынында да Боран орта мектебінің осылай дүрілдеуіне Құмаш ағаның сіңірген еңбегі үлкен ғой, үлкен...

*Райкул Теңкебаева,  
8-класс оқушысы,  
Боран орта мектебі,  
Марқакөл ауданы,  
Шығыс Қазақстан облысы.*

## **«БЕЙБІТШІЛІК» ДЕП СОҒАДЫ ЖҮРЕКТЕР**

Асқар Алтайдың тағы да бір арайлы, бейбіт таңы атып келе жатыр. Күншығыстың бар асылын, бар байлығын, бар сұлулығын өн бойына дарыта жинақтаған өр Алтайдың әсем таңына қарап тұрып:

«Шіркін-ай, табиғаттың осындай құлпырған, осындай шүйгін даласына у шашуға, таптауға кімнің дәті шыдар екен,»— деп толғанасыз. Табиғаттың арда төлі Алтай ертең тағы да бір қуанышты, ақ тілеулі, бейбіт таң атарын сездіргісі келгендей бар шуағын төгіп тұр.

Асқарлы өңіріме қарай тұрып, осынау өмірдегі екі ұғым, екі мақсат жайлы көп ойландым...

Адам, адам болған соң, оның өзіндік арманы, тілегі, сезімі болады. Қазіргі прогресшіл

адамзаттың игі сезімдерінің барлығы бір арнада тоғысуда.

«Бейбітшілік» деп соғады жүректер.

Бейбітшілік болсын дейді тілектер»,— деп қаламын ұштаған менің бір досым. Біздің заманымыздағы игі ниетті барлық адамдар бейбіт күнге, тыныштыққа үн қосып, бел шеше кірісерлері сөзсіз. Осының айқын айғағы СССР мен АҚШ арасындағы орташа және одан кем қашықтықта қолданылатын ракеталарды жою барысындағы жасалынған Шарт екендігі баршаға мәлім. Орташа және одан кем қашықтағы ракеталарды жою — бұл адамзатты жаппай қырғынға ұшырататын ядролық қару-жарақтарды болдырмау жолындағы алғашқы қадам.

Соғыс және бейбітшілік. Екеуі бір-біріне кереғар ұғым.

Соғыс деген сұм сөздің өзі қорқынышты. Осы бес әріптің тұла бойында жан шошырлық сұмдық, аса үрейлі түсінік жатыр. Тіпті былдырлаған сәбидің өзі «Атыстан қорқамын» деп, жанарына жас үйіріле қалады. Соғыс десе сонау бір өткен замандардағы небір шайқастар үрейінді алады.

Қала берді, кешегі өткен Ұлы Отан соғысы ше? Онда біздің елдің жиырма миллион адамының қыршынынан қиылғаны мені шиыршық атқызады.

«Жиырма миллион боздақ жан  
жүр көңілде,  
Жиырма миллион жұлдыз сөнді  
көгімде,»—

деп жырлаған бір ақынның өлеңі ойыма түскен сайын, жүрек шіркін қыстығып қоя береді. Осы қиыншылық күндерді атам мен әжем-

нің аузынан ести отырып, денемді қорқыныштың дірілі билеп қоя береді. Бір жақсысы, халық ондай ұлдарының ерліктерін ұмытпақ емес, қайта әрлендіре, көркемдей, болашақ ұрпаққа жеткізіп отырады, құрмет тұтады. Олар ешқашан атаусыз қалмайды. Менің өлкемнен шыққан Совет Одағының Батыры І. Айтықов, В. И. Бунтовских, Т. Токтаров секілді айтулылардың атында көше, дружина, пионер лагерьлері бар. Ал биылғы жылы бізде Бунтовскихке арнап оның туған Дарственное селосынан ескерткіш тұрғызуға кірісті.

Соғысқа аттанғандардан аман оралғандар, жарымжан, мүгедек болып келгендер болсын, ондай адамның жаны жаралы емес пе. Мұндай адамдардың қатары сиреп бара жатқанымен, арамызда әлі де бар. Мен өз ауылымнан С. Қасенов, М. Дүмшебаев, Б. Ибраев секілді аталардың жас буынға жол сілтеп, бағыт беріп отырғандығына қуанамын. Ол кісілер: «Біздің көргенімізді сендердің бастарыңа бермесін» — деп ширыға түседі.

Соғыс зардабы дегеніміз, міне, осы. Ол — баланың жетім, ананың панасыз, қорғансыз қалғандығы.

Ал, бейбітшілік ше?

Оның жөні бөлек?

Бейбітшілік десе, менің көз алдыма мамыражай маусым, самалды леп елестейді.

Бейбітшілік десе, бал-бұл жанған сәби өні, сыңғырлаған құрбыларымның күлкісі, мақпал алақанымен сәбиін аялай, еміреніп отырған ана бейнесі жанымды жадыратқандай болады.

Бейбітшілік десе, өзімді құлпырған далада гүл теріп жүргендей, шалқар көлге шомыл-

ғандай, құзар шыңның басына өрмелегендей бақытты сезінемін.

«Е-е-е, бұл дүниеде сендерден бақытты жан бар ма екен?» деп апам шаттанып отырады. Әрине, аяулы апамның бейбіт өмір құшағындағы баласының бақытты өңін көргенде, осылай қуанатыны түсінікті де ғой. Бірақ ауық-ауық күрсініп отыратыны да бар. Бәлкім, сол сәттерде ойына «Соғыс және балалық» деген екі жаққа тартқан сөздер түскен болар.

Соғыс және балалық. Екі түрлі түсінік. «Соғыс» дегенде, құлаққа ышқынған бомба үні, тарсылдаған автомат даусы келсе, «Балалық» дегенде, бұлақ сылдырындай тәтті күлкілер, былдыр-былдыр бал тілдер белең береді. Балалық дегенде, Саманта мен Катяның бейбітшілік елшісіндей балғын тілектері ойға оралады.

«Бейбітшілік — Саманта мен  
Катясын,  
Алауланып, арай таңдай  
атасын»,—

деп өз өлеңін оқып берген еді бір кластасым. Байқаған боларсыз, бейбітшілік десе, Катя мен Саманта қосыла аталады. Ендеше, мұнда бейбітшілік пен балалық та мақсаттас, тілектес, үндес жатқандығы. Мен үнемі өз тұстастарымның аузынан империалистік агрессорлардың арам ниет пиғылдарына қарсы сөздерді көп естимін. Бір ақынның мына бір өлең шумақтары менің көкейімдегі ойларды дөп басқандай:

Ойлан, Адам. Әлі де ойлан, Адам.  
Қуанышын жан бар ма тойламаған.  
Жер бетіне жендеттің қажеті не.

Қулығына құрығын бойламаған.  
Ойлан, Адам. Әлі де ойлан, Адам.

*Құралай Малиева,  
9-класс оқушысы,  
Қараторғай орта мектебі.  
Күршім ауданы,  
Шығыс Қазақстан облысы.*

## **ЖЕР-АНАҒА ТЫНЫШТЫҚ КЕРЕК**

Бейбітшілік дегеніміз — теңдік, достық, бостандық. Біздің еліміз осындай ұлы мұраттар жолындағы күрестің алдыңғы шебінде келеді. Қанқұйлы соғыстың бетбітшілікті сүйетін халықты қандай жағдайларға душар еткенін біз тарихтан білеміз. Әлемде тек бейбітшілік болса адамзатқа одан артық бақыт жоқ. Оны соғыс қасіретін тартқан үлкендер ғана емес, келер ұрпақ біз де түсінеміз. Әрдайым аспанымыз ашық болып, төбемізде күн күліп тұрса, қызу еңбек, шат күлкі билеген жұмыр жер адамдары арасындағы достық берік болса. Біз тек осыны тілейміз.

Соғыс дегеніміз — бақытсыз болу.

Кеше ғана сұрапыл отты жылдарда Ұлы Отанымызды неміс фашист басқыншыларынан қорғаған, бүгінгі жүздерін әжім іздері шимайлаған, самайларын ақ шалған ардагерлер баршамыздың құрметімізге бөленген. Соғыс мүгедектері мен ардагерлеріне партиямыз бен үкіметіміз айрықша қамқорлықтар жасап отыр. Ардагер аталарымыз бен ағаларымыз

«соғыстағы ерлік жайында айтып беріңізіші»,— деп сұрасақ:

«Ерлік... Отан қорғау жолында жау оғынан мерт болып, ерлік жасауды сендерге бермесін. Бейбіт күннің ерлігі де қымбат, қадірлі ғой, балам» дейді ойға шомып.

Көгілдір экраннан «Бүгін әлемде» программасы бойынша капиталистік елдердегі адамдар туралы хабар көрсетіледі. Аспаннан қарша бораған бомбалардан шырылдай қашқан жас сәбилердің ащы даусы жүректі шымырлатады. Аналарынан адасып қалған күнәсіз сәбилерді мылтық дүмімен итермелеп жүрген қара жүзді жауыздарды көріп, оларға жалына айқайлаған аналардың дауыстарын естігенде жендеттердің қылықтарына зығырданың қайнайды.

Соғыс атаулыға лағынет айтып, Отан қорғауға аттанған боздағын әлі де болса күтіп жүрген ана, мәңгілік алау басындағы балдақты қарт, балалық шақтарын соғыс ұрлаған әкесіз өскен бала — өзіміздің әкеміз, сол сұрапыл күндердің қуәлары. Оларды ұмыту мүмкін емес.

Жер анаға тыныштық керек. Бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздік жөніндегі қамқорлық СССР-дің сыртқы саясатының өзегі. Совет елі өзінің тарихи жеңістерін, мемлекет мүддесін, сондай-ақ өз одақтастарының мүдделері мен қауіпсіздігін толық қорғай алады. Советтер елі — менің Отаным, мақтанышым. Сол себепті де Отанымның қуатын арттырып, мөлдір аспанымызға қара бұлт үйірілмеуі үшін, барлық балалардың бақытты болуы үшін бар күш-жігерімді жұмсаймын. Күрес жолына жақсы оқуымды, адал еңбегімді ар-



наймын. Жойылсын соғыс! Мен бейбітшілікті қолдаймын!

*Назаркул Алдажұманова,  
9-класс оқушысы,  
Жамбыл атындағы орта мектеп.  
Наурызым ауданы,  
Қостанай облысы.*

### **360 СОМ 56 ТИЫН**

Бейбітшілік.. Еңбек... Арман...

Адамгершілік...

Қандай ұлағатты, кеудеңе шаттық сезімін құятын, адамға күш беретін нәзік те, берік те, биік те сөздер...

Бейбітшілік — өмір тірегі, достық пен туысқандық, арман мен адамгершілік, еңбек пен бақыт ұясы. Бейбітшілік — ашық аспан, аяулы ана алақаны, әкенің демеу сөздері, жас сәбидің тәтті ұйқысы, Отаныңа деген ыстық сезім.

Уа, шіркін, егер де жер бетінде тек қана ақ ниетті жандар өмір сүрсе ғой. Еңбекпен қаруланған, адамгершілігі мол, парасатты жандар болса.

Бірақ мына бір көріністі көз алдарыңызға елестетіңізші:

«Ашық аспан.. Дархан дала төсінде самал жел ойнайды. Бейбітшілік құсы — ақ көгершін барлық елдерге «Достық», «Туысқандық», «Бейбітшілік» деген хаттар таратуда. Кенеттен, әлдеқайдан келген қара күш жер бетін

солк еткізді, қатты жарылыстан құлақ тұнып,  
дүние қып-қызыл өртке оранды.

Қандай қорқынышты еді...»

Жоқ, бұл сендердің тек қана жай түстерін.  
Ал өмір шындығында еліміздегі барлық ен-  
бекшіл халық бейбітшілік үшін күресіп, еңбек  
етеді. Мұратымыз:

«Қалмасын жетім балалар,  
Қалмасын жесір махаббат»

Отанды сүю — от басынан басталады. Оның  
мектебіне, құрбы-құрдастарына, туған ауылы-  
на деген сүйіспеншілігінен басталып, олардың  
өздерін «Отан солдатты» екенін түсінуі, міне  
Отанды қорғауға құлшындыратын күштің  
қуаты осында.

Біздің бүгінгі тыныс-тіршілігіміз, өміріміз  
Ұлы Отан соғысында қаза тапқан ерлердің  
төккен қандарының өтеуі. Олардың бізге ама-  
нат етіп кеткен болашағын біздер жалғасты-  
руымыз керек.

Менің туған жерім Жезді ауданы карта бе-  
тінде жоқ та болар немесе кішкентай ғана  
нүкте шығар. Бірақ Ұлы Отан соғысы жылда-  
рында осы Жезді, Қарсақбай өңірінде жасал-  
ған оқтан мыңдаған, сан мыңдаған фашист  
жер күшты.

Аудан орталығындағы Мұқан Иманжанов  
атындағы көше мен Совет көшесінің түйіскен  
жерінде Ұлы Отан соғысында қаза тапқан  
жезділіктерге арналған ескерткіш-монумент  
бар. Біз комсомол-жастар сол қасиетті орын-  
ға барып сан рет жиі тағзым етеміз.

Ескерткіш басына гүл қойғанда, қазақтың

41901

ардақты ақыны Тұманбай Молдағалиевтың  
мына бір өлең жолдары еріксіз тілге оралады.

Аккулардай асыққан мөлдір көлге,  
Сағыныштың азабын жеңдіңдер ме.  
Тұңғықтың түбінен шығып бүгін,  
Туған жерге, ағалар, келдіңдер ме?!

Өміріңнің тиылып бал бұлағы  
Биігіңнен бейуақытта ән құлады.  
Сендер сүйген арулар кемпір болды,  
Күте-күте көздері талды-дағы.

Қап түбінде сарғайды еары қасық  
Келдіңдер ме, ағалар, арып-ашып.  
Келдіңдер ме, ағалар — аяулылар  
Жақсылықтың гүліне жаны ғашық.

Жүздеріңді танимыз күн қарыған  
Біз білеміз айырылды кім бағынан.  
Күте-күте кемпір-шал көзін жұмды,  
Болмаған соң бір хабар ұлдарынан.

Аккулардай асыққан мөлдір көлге,  
Сан жылдардың азабын жеңдіңдер ме?  
Келдіңдер ме, әскерден босап түгел  
Туған жерді сағынып келдіңдер ме?!

Жігіттіктің желігі, желі кеміп,  
Сағыныштан талай-ақ еңіредік,  
Біздер енді сендерге гүл сыйлаймыз  
Күнде-күнде таңменен бірге келіп.

Дегеніне уақыттың бағыналық,  
Той жасаймыз келді,— деп, дабыра ғып.  
Тұрасыңдар осынау алаңда енді  
Махаббатын ұрпақтың қабыл алып!

Қандай әдемі жазылған жыр десенізіші!..  
Адамды толғантпай, ойлантпай қоймайды.  
Адамның көңілін босатып, батырлар үнін құ-  
лаққа әкелгендей. Біздің міндетіміз — осы  
бейбіт дәуірді сақтау. Біз, жас ұландар, «со-  
ғысқа жол жоқ» дейміз. Мектебімізде интер-

националдық «Достық» клубы жұмыс істейді. Осы клуб мүшелері және комсомол комитетінің ұйымдастыруымен «Халықтар достығы» атты жәрмеңке өтті. Осы жәрмеңкеден түскен 360 сом 56 тиын қаржыны бейбітшілік қорына аудардық. Ал «Еңбек — өмір тірегі» атты конкурста «Шеберлер» және «Әдебиетшілер» үйірмелері мүшелерінің еңбектерін аудан жұртшылығына ұсындық. Әсіресе кішкентай кілемшелер, үй бұйымдары әдемі шығып, конкурстан түскен 500 сомның жартысын В. И. Ленин атындағы Советтік балалар қорына аудардық. Міне, осының бәрі бейбітшілік, достық үшін қосқан біздің мектеп оқушыларының үлесі.

Иә, біз бақытты өмірде оқу оқып, еңбек етеміз. Бірақ та жер беті әлі де тынышталған жоқ. Кей жерлерде соғыстың түтіні басылар емес. Ал ол біздің де жанымызды ауыртпай қоймайды. Сондықтан еліміздің, оның ішінде біздің ауданның да бір топ жас жауынгерлері Ауғанстанда өздерінің интернационалдық борышын өтеді. Солардың бірі біздің мектептің түлегі, жезділік Ғибадат Құттыбаев. Ол әділдік үшін күресе білуге тәрбиеленіп өскен қазақтың қарапайым ғана баласы. Қысқа ғұмырында содан айныған жоқ. Ұлы мұрат жолында мерт болды. Мектебімізде Ғибадаттың құрметіне мемориалдық тақта орнатылды. Біз оның есімін қастерлейміз. Сонымен бірге, сол тақтаға қараймыз да, соғыс өртін тұтатушыларға лағынет айтамыз.

*Алтынай Байтоқинаова,  
9-класс оқушысы, №6 мектеп.  
Жезді ауданы, Жезқазған облысы.*

## АЙНАЛАЙЫН АҚ МАМАМ...

Қол созамын бәріне адал бол деп,  
Адалдықты сүйемін, адам бол деп.  
Кең пейілді, ақ жүрек дос табайық,  
Планета достығын орнатайық.

Біздер ақпыз, сарымыз, қарамыз, бірақ бұл достыққа бөгет болмауға тиіс. Қайта барлық елдің балалары достасып, түсінісу керек. Өйткені олардың барлығының түпкі мақсаты — бейбітшілік!

Бізге, әр адамға, барлық халыққа тыныштық керек, тыныштық.

Біздің елімізге және басқа халыққа ашық аспан, бақытты өмір, тәтті ұйқы керек емес пе?

Соғыс деген үрейлі сөз екенін білемін. Соғыстың аты жойылсын. Соғыс дегенді енді естімейік.

Соғыс, соғыс болмасын,  
Қара бұлттар төнбесін.  
Аспанымыз ашық боп,  
Ақ көгершін самғасын.

Ешқашан сәби өмірде,  
Ата-анасыз қалмасын.  
Бейбіт менің елімде,  
Бақыт құсы самғасын.

Бейбіт құсы самғасын,  
Қанаттары талмасын.  
Дастастырып біздерді,  
Ел арасын жалғасын.

Соғыс деген болмасын, сәбилер ата-анасынан айырылмасын. Жыламасын сәбилер, күн шуағының астында олар өз анасымен бірге болсын. Бейбітшілік — қасиетті сөз!

Біз ақпыз, қара, сарымыз,  
Туысқанбыз бәріміз.

Бейбітшілік!

Осы бейбітшіліктің арқасында алаңсыз өсіп келемін, шаттыққа да, қуанышқа да бөлендім. Мына мені ашық аспан астына, бейбітшілік өмірге алып келген ана емес пе? Сондықтан шығармамды анама арнаған өлеңіммен аяқтағым келеді.

Айналайын ақ мамам,  
Алып келдің сен мені.  
Бейбітшілік еліне.  
Бақыт құшқан жеріме.

Айналайын анашым,  
Ақ сүтінді ақтаймын.  
Айтқаныңды екі етпей  
Көкірегімде сақтаймын.

*Ақшолпан Өтекеева,  
8-класс оқушысы,  
№ 2 мектеп-интернат.  
Алматы.*

## **ТЫҢДА, АМЕРИКА...**

Міне жарты ғасырға жуық біздің Отанымыз бейбіт өмір сүріп келеді. Сонау отты жылдар-

дың қан майдандарында кейбіріміздің аталарымыз бен әкелеріміз, әжелеріміз бен апаларымыз болашақ үшін, Отаны үшін жаумен шайқасып, өз өмірлерімен ерте қоштасты. Біз, олардың ұрпақтары, аталарымыз бен әкелеріміздің әперген жеңісін сақтап қалуға тиісіміз. Соғыс салған жараны, кеудесінде қорғасын оғының қалдығы жүрген адамдарымызды, Отан үшін жан пида деп кеудесін оққа төсеген ерлерді ұмытуға хақымыз жоқ. Ендігі уақытта тілегіміз де, арманымыз да, жазатын әніміз де, жырлайтын жырымыз да соғысқа қарсы болмақ.

Еліміздің бейбітшілікті сақтау жөніндегі дәйекті саясаты бізді де жігерлендіреді. Жүрек лүпілдеп, ақ қағазға өз сезіміңді төккің келеді. Төгесің... Бірақ, бірақ оны құрбы-құрдастарына көрсетуге қысыласың, қысыла тұрып, өлең жолдарын іштей күбірлейсің. Сонсоң, сонсоң барып даусың дірілдей оқи бастайсың..

Совет елі — бейбіт күннің жыршысы,  
Өзгелерге үлгі-өнеге бұл ісі.  
Совет елі — дүр сілкінткен әлемді  
Тендік пенен азаттықтың жаршысы.

Совет елі — асқан білім ордасы,  
Білім сүйген адамзаттың жолдасы.  
Совет елі — бейбіт жанға арналған  
Ақ тілеудің, ақ батаның қоймасы.

Совет елі — серік болған басқаға,  
Көмек қылған алысқа да, досқа да,  
Совет елі — арашалап әлсізді,  
Қарғыс айтқан соғысқұмар жандарға.

Өлшеусіз ғой Отанымның ерлігі,  
Шалқып аққан табыстарын көр, міне.  
Бақытымның бастауында — партиям  
Жеңіс туы төбемізде желбіре.

Жүрегімді шаттық кернеп алады,  
Көкірегімде өлең — отым жанады.  
Саған деген махаббатым ерекше,  
Сенсің менің ақылшым да данам да.

Осыдан жарты ғасырға жуық уақыт бұрын Жапония қалаларына американдықтар тастаған атом бомбасының зардаптарын қалай ғана ұмытарсыз? Тіршіліктен ада болып, күлге айналып кеткен Нагасаки мен Хиросима қалалары күні бүгінге дейін көз алдымызда. Көз алдымызда жапон балаларының қайғысы. Сол қайғы американдық жендеттерге деген ыза-кекті туғызады.

Америка,  
Тындап сөзге құлақ сал,  
Сәби үні  
Жолыңа құрған тұзақтар.  
Үрей емес  
Бомбаларың жасаған,  
Елімде менің  
Саған жетер қуат бар.  
Естен кетпес  
Жапонның қалалары,  
Жазылған жоқ  
Бойынан жаралары.  
Жазықсыздан от құшты,  
Ойда жоқта  
Жапонның  
түк кінәсіз балалары.



Енді мұндай сұмдықты  
Жер көрмесін.  
Енді мұндай азапты  
Ел көрмесін.  
Бар елде  
Бейбітшілік көгершіні  
Бейбіт күн куәсі боп,  
Көкке өрлесін!

*Айманкүл Әбенова,  
10-класс оқушысы,  
№ 6 мектеп.  
Қарқаралы ауданы,  
Қарағанды облысы.*

## **ПЕЛТИЕРГЕ АЗАТТЫҚ ТІЛЕЙМІЗ**

Өмір мен бейбітшілік туралы толғанбайтын жан бар ма? Бәріміз де бақытты болғымыз келеді. Бәріміз де бір ауыздан: «Соғыс болмасын!» дейміз. Ендеше мына жұмыр жердің бетінде әлі күнге қырқысу мен қақтығысу неге тыйылмайды? Бірде ана жерден, бірде мына жерден неге соғыс өрті бұрқ ете түседі? Сірә, шынында да, кейбір қоғамдық қайраткерлердің саяси санасы адамзаттың шын мәніндегі ізгі мұраттарымен сай келе бермейтін болуы керек. Әйтпесе біздің еліміздің бейбітшілікті нығайту жөніндегі дәйекті түрде жүргізіп келе жатқан бағыты тек совет халқының ғана емес, бүкіл әлем халқының да бейбіт қатар өмір сүру ниетін көздейді ғой. «Бейбітшілік» ұранын көтерген бұқаралық қозғалыстарды қайда қоямыз. Мұны қолдаушылар, тіпті Аме-

Олар, яғни біз, ХХІ ғасырға бейбітшілік туын көтеріп кіргіміз келеді. Бейбітшілік символы — ақ қанатты көгершін ашық аспанның шырқау биігіне көтеріле берсін.

Шығармамды өз өлеңімнен алынған үзіндімен аяқтағым келеді:

Бейбітшілік — ол бәйтерек,  
Тамырын жайған тереңге.  
Жасай берсін. Ол мәңгі керек,  
Қостым сені өлеңге.

*Гүлсім Шамшатова,  
10-класс оқушысы,  
Республикалық  
физика-математика мектебі,  
Алматы.*

## ҮМІТІМДІ СӨНДІРМЕШІ

Отан. Ана. Осы бір қасиетті сөздермен мәңгілік қатар жүретін тағы бір қасиетті сөз бар, ол — бейбітшілік.

Алайда оны қастерлемейтін, түсінгісі келмейтіндер де бар емес пе? Иә, мұндай жандар да табылады. Әттең, олар мұнысымен тек өз халқының, өз Отанының, өз анасының абыройын аяққа басатындығын сезінер ме екен?

Ойланам, ойланам да таң қалам. Неге олар түсінбейді? Әлде, менің халқымның, Отанымның басынан өткерген қайғы-қасіреті аз ба екен? Олар осы түсінбестіктің артында қандай нәрсе тұрғанына неге ой жүгіртпейді?

Бейбітшілік! Сен қай халыққа болмасын оңайлықпен келген жоқсың. Сен үшін қаншама ақ жаулықты аналар, көздері мөлдіреген сәбилер құрбан болды, қаншама қан төгілді. Қазіргі кездегі әрбір елдің, әрбір адамның тілер тілегі бір, ол — бейбітшілік. «Жүзі басқа жүрегі бір, тілі басқа тілегі бір» деген емес пе? Олай болса, біздің барлығымыздың да тілер тілегіміз тек қана бейбіт өмір сүру. Бірақ сол тілекке қарсы шығып, тек өз қара бастарының қамын ғана ойлайтын ат төбелін-

дей капиталистердің халыққа беріп отырған қайғы-қасіреті аз ба?

АҚШ империалистерінің қазіргі саясатын, оның ішінде Ливанға, Никарагуаға істеп отырған қоқан-лоққысын қалай түсінуге болады?

Япырым-ай, ондағы ананың, бүлдіршіндердің не жазығы бар еді? Қалай ғана көздері қиып өлтіреді? Жауыздар... Әлде олардың ақ сүтін беріп өсірген аналары, балалары жоқ па екен?

Әттең, оларды бұл дүниеде аяқ басып жүргізбеу қолымнан келмейді-ау деп те өкінем... Амалым қанша?

«Сен де бір кірпіш дүниеге

Кетігін тап та бар қалан»— деп ұлы Абай атамыз айтқан осы бір сөзді әрбір адам баласына айтылған деп түсінер едім. Тек, осы өсиетті әрбір азамат есінде ұстаса. Бұл дүниеге келу бар да, кету бар. Ал осы азғантай ғұмырымызды мәңгілік Отанға, бейбіт өмірге арнап, «теңіздің бір тамшысындай» болсақ арман не?

«Өкінбес едім өмірім менің сарқылса,  
Адамды сүйген, Отанды сүйген  
қалпымша,—

деп ақын Сәрсенбек Бекмұратұлы] қалай тауып айтқан.

Бейбітшілік! Қашан да ыстықсың сен маған. Тек сен мәңгілік болшы. Әрбір адамның өмірге деген үмітін сөндірмеші. Менің де, барлық ұлдарың мен қыздарыңның да тілер тілегі осы. Мен өз шығармамды сәбилердің ақ тілегін, таза да кіршіксіз көңілін білдіретін мына бір өлең шумағымен аяқтағым келіп отыр:

«Әрқашан күн сөнбесін,  
Аспаннан бұлт төнбесін.  
Қасымда болсын мамам,  
Болайын мен де аман».

Биік үш бейбітшілік көгершіні!  
Халқыңның ақ тілегін қабыл ал!  
Қабыл алшы ұлыңның ақ ниетпен,  
таза жүректен шыққан тілегін!  
Қабыл алшы!

*Самал Дәрібаев,  
10-класс оқушысы,  
№ 94 мектеп.  
Қазалы ауданы,  
Қызылорда облысы.*

## ШАР ҰШЫРДЫМ ҚОЛЫМНАН

Соғыс деген соқырлар мен сорақының  
ермегі,  
Соғыс деген — солған гүлдер, өлген  
тірлік жердегі.  
Әшкерелеу сұм соғысты жеңісім.  
Айта алмасам мені соғыс қорқытқаны,  
жеңгені.  
Соғыс, соғыс. Қетпей қойды тіл  
ұшымнан қырсығып,  
Отырмын-ау сұрқай сөзді айтуға да  
қымсынып.  
Соғыс жайлы қанша ақын ызалы жыр  
жазбады  
Сол сияқты менде де бар өзімдік бір  
түсінік.  
Соғыс жайлы айтар болсам мен де  
өзімше тұжырым,

Соғыс деген — улы тағам, дәмін татқам  
тұзының.  
Менің атам әлі күнге жау самолетіне  
теңей ме,  
Құлақ бітеп ұнатпайды шыбынның да  
ызыңын.

\* \* \*

Бір нәрсені құлай сүйсе қимайды екен,  
сірә, жан.  
Әлі күнге есейсем де шар ұстауды  
ұнатам.  
Сол бір шарды жер шарына теңеймін де  
қолыма ап,  
Ұшырамын атқан кезде арайланып  
мына таң,  
Ұшырамын сықылықтап су аққанда  
жырадан,  
Жүрегімді жүрер кезіп сол бір сәтте бір  
алаң.  
Қос қолымды көкке созып тапсырамын  
бәріне  
Көгілдір шар, жолың болсын, самға  
биік, жүр аман.  
Алтын таңым атып жатты алаңсыз боп  
өмірім,  
Күндер өтті, мен есейдім, өрдім өлең  
өрімін.  
Көгілдір шар ұшып жатты қаншамасы  
қолымнан  
Қимастықпен қарап тұрдым, қарап  
тұрдым соңынан.

Жазып едім тілегімді  
Жеткізді ме достарға.  
Салып едім жүрегімді  
Еш хабар жоқ тосқанда.

Солар неге айрылды екен ақыл-ой мен  
  санадан.  
Ағайындар, қойсаңдаршы, қойсаңдаршы  
  қырқысты.  
Перзентпіз ғой бір анадан — Жер-анадан  
  жаралған.

Ей, Рейган,  
Түсінсеңші, түсінсеңші мені шын  
Кім де болса келешектен үміт етер  
  жемісін.  
Ұсынысым бар әлемге бейбітшілік тек  
  қана  
Өтінемін, ойланыңыз, бәріңіз тез  
  келісім,

Ортақ болса тілегіміз, әніміз,  
Талай жауды тайдырармыз әлі біз.  
Бейбіт өмір орнататын әлемге  
Сен де, мен де, ол да,біз де — бәріміз.

*Тілектес Аймурзина,  
10-класс оқушысы,  
Мектеп-интернат.  
Ақтөбе.*

## БИК ТҰҒЫР





## **БАЛА ШАҚ ПЕН БОЛАШАҚ**

Жанымның ақтаратын барлық сырын,  
Білімді, ынтамды да салып бүгін.  
Іздеймін сөз маржанын тереңдерден,  
Алдамайды арманым, сенемін мен.

Мамандық таңдау — әрбір мектеп бітіруші түлектің, үлкен өмірге қадам басқалы тұрған жас жеткіншектің биік мақсаты. «Армансыз адам, канатсыз құспен тең» — деп халық аузында айтылғандай, барлық адам баласының арманы болады. Арманшыл адам болашақта дегеніне жете алады.

Мамандық пен өнерді әрбір адам тек қана өз жүрегінің қалауы мен қабілетіне қарай таңдап алады. Мамандықтың түрі көп. Олар: халық алдына шығып бұлбұлдай тамылжыта ән салатын әншілер, ауырғанда адам өмірінің арашасы болатын ақ халатты дәрігерлер, шәкірттерді білім көкжиегіне жетелейтін ұстаздар, милиция қызметкерлері, сөзбен өрнек салатын жазушы-ақындар, тағы басқа көптеген мамандық пен өнер әрбір жас адамды өзінің қызғылықты қыр-сырымен баурап, тартып тұрады.

Мынау үлкен өмірге деген бар құштарлық, іңкәрлік атаулы бала кезден бастау алады да, уақыт талабына қарай саналы да, мағыналы өмірге ұласады. Адам баласы жас кезінен бастап өзінің жүрегі қалаған, сүйген мамандығына қарай икемделіп, бейімделе бастайды. Терең білім алуға талпынады, ізденеді, сол

мамандықта еңбек етіп жүрген өнегелі өмір адамдарынан үлгі алып өседі.

Міне, сондықтан да бала шақ пен болашақ әрқашан үндесіп жатады. Менің ойымдағы негізгі түйін де, болашағыма апаратын тура жолдағы алғашқы қадамымды, бала шақтан, бүгіннен бастау.

Менің де болашақта ақын болсам деген биік арманым бар. Ақын апаларым Фариза Оңғарсынова, Күләш Ахметова, Ақұштап Бактыгерееваларға еліктеп, олардың өлең кітаптарын тебірене оқып, болашақта солардың жолын қуғым келеді.

Алдымда ақ парак, қолымда ұшталған қалам, қиялым жан-жаққа шауып, қағаз бетіне қарғаның ізіндей де із түсіре алмай азаптанып отырмын. Ақ қағазбен бетпе-бет келгенде, айналам толған тосқауыл болады. Түн уақытында, бәрі ұйқы құшағына енгенде, мен қағаз бетіне үңіліп, сары таңды атыра алмай үлкен бір қиналыс үстінде отырамын.

Осы кезде менің ойыма орыс жазушысы Юрий Казаковтың: «Ең басты бақытың — сары таңға сарғайған жалғыз сен емес. Сенімен бірге әлі ояу отырған басқа жазушылар да бар. Олар сенің қаламдас бауырларың. Бәрінің де ақ тілегің біреу — дүние жақсарып, адам адам атына лайық болса, деген адал ниет» — деген сөздері оралады.

Мен қиналған сәттерімде:

Жыр жазу ақындарға оңай ма екен,  
Білмеген оңай деп те ойлайды екен,  
Өз басым жыр жазуға ынтығамын  
Жүрек жыры адамды қинайды екен,—

деймін. Көптен мазалап жүрген ойларымды өлең жолына түсірген сәтімде мен ерекше қуанышқа бөленемін. Көкірегімнің сәулелерінен туған өлеңдерімді өзімдегі барлық дүниеден артық көремін. Жүрегіме басып, аялаймын. Мені адамдар игілігіне қызмет ететін барлық нәрсе ойландырады. Соның ішінде...

Арал теңізі... Қазіргі уақыттағы адамзатты толғандырып отырған проблемалардың бірі.

Арал өңірі — менің туған жерім. Бабаларымның, әкелерімнің атамекені. Мен есейген шағымда арман қуып, білім іздеп астанаға келдім.

Кей күндері туған жеріме деген сағыныштан егіліп аламын.

Жағалаудан алыстап, төңірегін шөл далаға, құмға айналдырып бара жатқан Арал теңізі есіме түседі. Өзінің су, маржанымен, жанға саф ауасымен, тайдай тулаған балығымен сүті мен еті бал татыған төрт түлік малымен Отан байлығын арттырып отыратын Аралда қазір ондай байлық жоқ. Сан жылдар бойы қоныс теуіп, Аралмен өмірлері тығыз байланысты болып келе жатқан жергілікті тұрғындардың кейбір бөлігі басқа жаққа амалсыздан қоныс аударып жатыр. Осының бәріне себеп — Арал теңізінің тартылуы. Бұл күндері қалың қауым: «Аралды аялайық» деуде. Аралды сақтап қалу есебіне еңбекшілер қаржы аударуда. Соңғы уақыттағы «Арал теңізінің өңіріндегі өзендер мен көлдер суға толып келеді», — деген қуанышты хабар мені де елең еткізіп, қуантады. «Арал тағдыры — адам тағдыры», сондықтан адамзат оны сақтап қалады. Өзімнен өзім оңаша отырып, Аралмен тілдескім келеді.

Мен сенің ұланыңмын, ақ Аралым,  
Тағдырың жайлы ойлап-толғанамын.  
Оқимын газет-журнал беттерінен,  
Өзіңді құтқарудың жорамалын.

Айдының тартылуда жағалаудан.  
Теңізсіз көркің болмас, туған далам.  
Болашағың толғантад бәрімізді,  
Арал атты ақ қалам, әсем қалам.

Айтамын атам сенен нәр алғанын,  
Мен де өзінде адам боп жаралғанмын.  
Болашақта өзіңді жырға қосар,  
Ақын болу менің де ізгі арғаным.

Мен сенің бөбегіңмін, туған слім  
Өскенде арман қуып, іздеп білім.  
Арғаным Аралымнан бастау ала,  
Аттандым ауылымнан астанаға.

Талаптанып ізденуге ерінбегем,  
Жүрмін ойнап досыммен, теңімменен  
Арал жайлы айтылар хабар болса,  
Әрдайым құлақ түре елендегем.

Құмға батқан кемелер қанқалары,  
Қиыршық тұз боп жатыр жағаларың.  
Теңізден жемін іздеп шаңқылдаған,  
Көгіңде естілмейді үні шағаланың.

Мен енді кімге кінә таға алармын,  
Қашан енді орныңнан таба алармын.  
Тапсырған болашағын жас ұрпаққа  
Мұрасы едің қалдырған бабалардың.

Арнаға суың толып шалқуынды,  
Күтіп жүр ақ тілекті адамдарың.  
Құм дала, шөлге айналған төңіректі.  
Шатыққа бөле, көзіңді аш, ақ Аралым.

Менің алдымдағы мақсатым — қазіргі уақыттағы қайта құру, бетбұрыс кезеңінде, біз өмір сүріп отырған қоғам дәуірінің барлық жақтарын қайта терең өзгерту, жанарту процесіне бұрынғыдан да белсене үлес қосып, Отан даңқын, мерейін, байлығын арттыру үшін қажырлылықпен еңбек етіп жатқан халқымның өнегелі өмірін, ерен еңбегін жырға қосқым келеді. Болашақта ата-анамның, туған халқымның адал перзенті, Отанымның нағыз адал қызы болсам деп армандаймын.

Кеудемде тағы бір күй ағылардай.  
Пернесі шаттығымның қағылардай.  
Туған тіл сайысына түсер сәтте,  
Жүрегім қуаныштан жарылардай.

Жан-кеудем жинағандай асыл нұрды.  
Арманым алыстарға асықтырды.  
Жүрегім қуаныштан лүпіл қағып,  
Көңілімде сөз маржаны тасып тұрды.

Талайдан талпындырған талабымды  
Қиялмен сан атырған таңдарымды.  
Осынау шығармама арқау еттім  
Ақын қыз болсам деген арманымды.

Берерін болашақтың алам күтіп,  
Қалды ғой ұстаздарым талап күтіп,  
Мен-дағы жаздым барлық ойларымды.  
Кеткендей қиялыма қанат бітіп.

*Күнсая Ерғазиева,  
9-класс оқушысы,  
Абай атындағы мектеп.  
Қаскелең ауданы,  
Алматы облысы.*

## ЖҮРЕГІМНІҢ СЫРЛАРЫ

Мен өмірді сүйемін. Қараңызшы қандай ғажайып! Заңғар аспанға мойын созған тамаша гимнараттар жапан даланың төсіне де бірте-бірте кең жайылып барады. Ал өз қаламда еңсесі биік мектеп үйлеріне қарай асығады оқушылар мен ұстаздар. Әне, ауруханаларда ажалмен арпалысқан адамдарға қолынан келген көмегін беріп, солармен бірге қиналып жүр дәрігерлер. Иә, айналаның бәрі бейбіт өмір құшағында...

Демек, мынау жұмыр жерге адам болып келген соң, маған да өзі Отанымның гүлді белестеріне із қалдыру парыз. Маған да болашақ атты әлемнің өкілдері үшін бір жақсылық істеу — биік мақсат, Оған жету үшін мен де басқалар секілді толқи да, қинала да, қуана да ойландым. Алайда, қалай ойлансам да, менің балаң көңілімдегі тасқындай аққан ой-өзендері бір теңізге құйып, бір ғана арнада тоғысады. Ол — жазушылық атты шалқыған шалқар теңіз.

Бәлкім, мен Мұқтардай ұлы тау да болмаспын, Сәбит сияқты құдіреті алуан, қасиеті мол кітаптарыммен дүниенің барлық түкпірлерін шарламасын да, ұрпақтардың бәрін өзіме ғана ғашық етпеспін Сәкен болып. Дегенмен, менің де ерекше өмір сүргім келеді, менің де қазақ әдебиеті атты ғажайып бақтың асқақ терегі болғым келеді. Бұл — әзірге, менің өмірге деген құштарлықпен дүрсілдей соққан кішкентай жүрегімнің сырлары.

Адамдардың бәрі — өмір. Өйткені адамсыз өмір болмас еді ғой. Ал, адам жүрегі...

ол — домбыра. Иә, кәдімгі қазақ халқының ежелден бар ұлттық аспабы домбыраға теңеймін оны мен. Жазушы болса, күйшіге «айналады». Күйшілер, әрине, көп. Бірақ қайсысы домбыраның ең нәзік сезімді пернелерін шерте алады?.. Адам жанының сырлы тұңғығын қозғайтын күйді кім әкеле алады дүниеге? Кім сол күймен келешекке де шебер күйші болып қалмақ?.. Мұның бәрі сол күйшінің жан-дүниесінің түкпірлерінен ғана танылса керек. Демек, ортаңа игі әсер ететін шығарма әкелу үшін, игі жазушы болу — мұрат. Қоғамға игілік сыйлау — барлық бақыттардың бақыты. Жазушы жайлы енді бір ой билеген кезде, ол маған ана іспетті елестейді. Ана дүниеге әлем үшін ертеңгі ұрпақ-сәбилерін әкеледі. Әрі қарай тәрбиелеп, адам етеді. Жазушы — адамдардың рухани жан азығы үшін толғанады.

Өз басым, ең қатыгез деген жанның да көзінен жас шығаратын, адамдардың бәрін жалғыз шындық атты орасан күшке бағындыратын, өмірге түбегейлі бетбұрыс жасап, тек жарқын тіршілік үшін жұмсалатын іс істегім келеді. Мейлі, тіпті ол аз болса да, пайдалы болсын. Тек осынау тілегіме жету үшін мен қаламды қару етіп таңдадым.

Ерлік тек майданға ғана меншіктелмесе керек, әдебиет те ұлы ерлікті талап етеді. Олар бар да. Мысалы: Сәкен ағаның «Тар жол, тайғақ кешуі» — нағыз ерлік. Ерлік адамды жігерлендіреді, өр етеді, небір алып шыңдарға жетелейді. «Тар жол, тайғақ кешу» тәрізді кітаптарды оқыған сәтте осындай ұлы ерлікті көзіңмен көргендей боласын, көкте күс болып самғағың келеді. Айналаңда қыран-

дар барда, сенің де тек қыран болғың келеді, соны аңсайсың. Жазушы болу маған адамдарға тигізетін осындай әсерлерімен қымбат.

Менің сүйікті қаламгерлерім өте көп. Олар елін сүйсе, менің де сүйетінім — ел, олар елге қамқор болам десе, мендегі арман да — осы. Бірақ, жазушылар түгел бір ғана сарынмен сайраса, әдебиеттің қадірі қайсы, ұлылығы қайсы? Әдебиет ана ағаштың да мына ағаштың да басындағы құстар жалғыз ән салып, өзгелерді жалықтырып жіберетін баққа айналмау үшін, әркімнің өз әуені болғанға не жетсін?

Арман сапары басқалар сияқты маған да оңайға түспес, оның қиялыңды тербей соғатын самалы болса, жолыңды кес-кестей борайтын құмды дүлей дауылы да бар, әрине. Сол жайлы ойласам, ақын Мұхтар Шахановтың жырларын оқыған кезде көкейімде жатталып қалған екі жол оралады есіме.

«Мүмкін, әлі алда талай  
бақытымды сынармын,  
Сүрінермін, намысыма сүйенермін,  
тұрармын»...

Сүріну — қиындық емес, сүрінген кезде намысыңа сүйене алмау — қиындық. Осы сеніммен ғана мен арман сапарына мойымай беттеймін. Қайда жүрсем де, қандай адам болсам да, мен өз халқымды сүйемін. Халықты сүйген соң, туған тілімді де сүйемін. Жазушы болсам деген арманымның айтылмаған бір сыры, — осы туған тілге деген мендегі махаббат. Мені әрқашан Әбділда ағаның төрт жол өлеңі тербейді де жүреді.



Ана тілім — тірлігімнің айғағы,  
Тілім барда, айтылар сөз ойдағы.  
Өссе тілім, мен де бірге өсемін,  
Өшсе тілім, мен де бірге өшемін.

Иә, еліңе жақсылық жасағың келсе, мамандықтың, өнердің бәрі жақсы, бәрі пайдалы. Бірақ, туған тіліңді сүйген жүрек бар кеудеге қаламгер болсам деген арман ғана нұрды аямай төге алатын болса керек...

*Индира Өтемісова,  
9-класс оқушысы,  
№ 1 мектеп.  
Октябрь қаласы,  
Ақтөбе облысы.*

## ҮШ ТІЛДІҢ БІРДЕЙ ҰСТАЗЫ

«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» — деп Абай атамыз айтқандай, еңбек қашан да болмасын азамат ырысы, ел тынысы.

Ойлап қарасақ, ардақты ағаларымыз бен апаларымыз өз бақытын, қуанышын, сүйіспеншілігін осы еңбектен тапқан. Ұлан-байтақ Отанымыздың түпкір-түпкірінде орасан зор жаңа құрылыстар, атом электр станцияларын, завод-фабрикалар, шахталар, көмір бассейндерін солар ашып, солар іске қосуда, сөйтіп социалистік қоғамымыздың экономикасын одан әрі байытуда. Коммунист аға-апаларымыздан қалыспай, саналы да сапалы еңбектерімен аты шыққан батыр комсомолецтеріміз қаншама!

Біз сонау Ұлы Отан соғысы кезінде әкелеріміз бен аналарымыздың майданның алғы ше-

біндегі батырлықтары мен ауылдағы ерен ерліктерін үлгі тұта отырып, өздеріміз де сондай болсақ екен деп армандаймыз. Осы дәстүрді тамаша жалғастырып жүрген Социалистік Еңбек Ерлері Кәмшат Дөненбаева, Жадыра Тастанбекова, Майра Хасенова сияқты апаларымызға теңелгіміз келеді. Осы орайда көпшіліктің ыстық ықыласына бөленіп жүрген Мырзагелдинова Ольга Иосифовнаны шәкірттік сезіммен еске аламын. Ольга Иосифовна — Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген ардақты ұстаз. Ұлты поляк болғанымен, қазақ ұлтымен жүрегі бір, тілегі бір, жүзі жарқын, нағыз интернационалист жан. Біздің алтын ұя-мектебімізде қазақ тілі, орыс тілі және неміс тілі пәндерінен сабақ береді.

Ұстаз жолы қиын да, ауыр жол ғой. Ал бір өзінің үш тілден бірдей сабақ беруі, әрине, қажымас қайрат пен талмас талапты қажет етеді. Ольга апай шәкірттерді аналық мейіріммен аялай отыра, оларға ана тілді сүюді, қадірлеуді, қастерлеуді үйретеді. Сонымен қатар басқа ұлттардың мәдениетін, тілін, дәстүрін сыйлауды, олармен достық қарым-қатынаста болуды шәкірттерінің бойына дәріптей сіңіреді.

Ольга апайдың көп көңіл бөлетіні — шәкірттерінің ана тілін жақсы меңгеріп, оны бұрмаламай өз деңгейінде қабылдауы. Қазақ тілі — сырға бай, тегеуріні мықты, қазынасы мол, сөзге шебер, Ілияс, Сәкен сияқты ақындарымыз жырға қосқан тіл ғой. Апайдың қазақ балаларының өз ана тілін мейлінше жақсы білуіне, оны терең меңгеруіне, шынайы құрметтеуіне қатты көңіл бөлетіндігі де сондық-

тан болар. Әрине, осының бәрі Ольга Иосифовнаға оңайға түскен жоқ. Өзінің ерінбей еңбек етуі арқасында қазақ тілін толық меңгеріп, оны орыс, неміс тілдерімен бірдей деңгейде шәкірт бойына дарыта білуі біз үшін үлкен мақтаныш. Осындай абзал жанды елдегі кәрі әжелеріміз бен аталарымызға дейін құрмет тұтып, оның есімін үлкен мақтаныш, зор сезіммен ауызға алады. Ольга Иосифовна сияқты еңбегімен елге сыйлы, құрметті, ардақты азаматтарымыздың істері біздерге, әрқашанда үлгі болып қала бермек.

*Ботакөз Дүйсенова,  
10-класс оқушысы,  
Ақан атындағы орта мектеп.  
Көкшетау ауданы,  
Көкшетау облысы.*

## **СЕНІ ОЙЛАДЫМ, АТА!**

Қолыма қалам алып, ой толғауыма, ол туралы әдемі сыр шертіп, әңгіме жібін тарқатуыма ол кісінің керемет әділдігі, еңбекқорлығы, жанының сәби жанындай пәктігі, мөпмөлдір тазалығы себеп болса керек деп ойлаймын. Иә, мен ол кісі туралы жазуға бел будым. Көптен кеудемде жүрген әлдебір сезім жанымды жай таптырмай, бұлқынып шыққысы келетіндей тынышсыздандырады. Мүмкін, бұл махаббат сезімі шығар. Ол кісінің бейнесі көз алдыма келген сайын, бейне тұлғаланып, биіктеп кеткендей. Менің әңгіме еткелі отырған адамым өз атам, соғыс ардагері, ұстаз — Мәжит Мырзабаев.

Атамның тіп-тік, биік тұлғасы, бурыл шашы, сұлу жүзі, өткір көздері менің әлі есімде. Менің атамдай ата ешкімде де, ешқашан да болмағандай көрінетін маған. Әркімге де өз атасы не әжесі, әкесі не анасы, туған-туысқаны сондай ыстық көрінеді ғой, алайда, менің жұдырықтай жүрегімнің атама деген махаббаты өзгеше болатын.

Ата! Осы бір сөз қандай әдемі естілуші еді, Ата десем, тамырын тереңге жайып, жапырағы жайқалған алып бәйтерек, шыңына көз жетпес асқар тау келеді көз алдыма. Ол кісіге деген асыл сезімді тілмен жеткізе де алмаспын мен, сірә?. Иә, мен атамды жанымдай сүйген едім. . .

...Әлі есімде, аңғалдығым мен аңқаулығым арылмаған сәби шағым. Бірде атамды құшақтай отырып, көптен құйтақандай жүрегімнің әлдеқайдағы түпкірінде сақталып жүрген сұрағымды қойдым. «Ата,— дегем еркелей,— ата, кинода адамдар бір-бірімен неге соғысады?»

Атам мені құшақтаған күйі ұзақ, үнсіз ойға шомды. Жүзіне көз салсам, қабағын шытып түнеріп кеткен. Сол кезде-ақ мен бұл сұрағымның орынсыз қойылғандығын, сүйікті атамның жанын жаралағанымды түсініп, қатты өкіндім.

«Е, балапаным,— деген атам күрсініп,— сұм соғыстың бізге істемегені бар ма? Беті аулақ енді соғыстың. Ол қаныпезер, зұлымдардың сойқаны болды. Сендер көрмей-ақ қойыңдар ол соғысты. Әрқашан әділдік туын биік ұстап өт, балам».

Сол сәтте-ақ кеудемде «Соғыс», «Әділет», «Отан» атты сөздер қатарласып, небір ой-

ларға шым-шым батырып әкеткен еді мені.  
Мен есеюге асықтым.

Атамның өмір жолына көз салсам, қиындығы да, қуанышы да мол өмірдің куәсі болғандай боламын.

Ата-анасынан жастай айырылған атам кішкене күнінен Қазалыдағы балалар үйінде тәрбиеленеді. Өз бетімен ізденіп оқыған зерек атам мектепті жақсы аяқтайды. Сонан соң оқу іздеп алысқа кетеді. Мұғалімдер даярлайтын училищеге түсіп, бітіріп шығады да, ауылға келіп, еңбек етеді. Мұғалімдер аз болған сол бір тұста атаның еңбегі жоғары бағаланып, ел іші түгел құрметтейді. Жалынды жас жігіт ауылдағы үлкен-кішіге білім беруде аянбай еңбек етіп, ауызға ілігеді. Күні-түні дамылсыз істелген еңбек жемісін бере бастайды.

Міне, осы сәтте алыстағы ауылға соғыс атты суық сөз жетіп, көгілдір, бейбіт аспанды қап-қара бұлт торлайды. Ауыл азаматтарымен бірге атам да майданға аттанады...

....Жексұрын жауды өз жерімізден түре қуған атамдар Польша жерінен бір-ақ шығады. Польшаны жаудан азат етуде жанқиярлықпен шайқасады.

Бір күні барлаушылар тынығып жатқанда, жоғарыдап шұғыл тапсырма келеді. «Осыдан он бес шақырымдағы деревняда фашистер орналасқан. Деревня тұрғындарының мазасын алмай, жаудың көзін құрту керек».

Барлаушылар отрядының командирі Ефимов бұл тапсырманы атама жүктейді, атамдар сол күні-ақ барлаудан маңызды мәліметтер алып қайтады. Барлау жұмысы асқан

қырағылықты, ұқыптылықты, тиянақтылық пен батылдықты талап етеді ғой.

Екі күннен соң деревня жаулардан тазартылып, шексіз қуанышқа бөленген тұрғындар алғыстарын білдіріп қала береді. Бұл шайқаста атам он екі жаудың көзін құртып, бір аяғынан айырылады. Ұзақ уақыт госпитальда емделген соң, ауылға келіп, ұстаздық еңбегін жалғастырады.

Бұл күндері Польшаның бір мектебі атамның есімімен аталады.

Атамнан білім алып, түлеп ұшқан түлектері қаншама десеңізші! Олар өмірдің әр саласында алуан түрлі еңбек етеді.

Атама жазылған хаттар үйге, мектепке толассыз ағылып келіп жатады. Олардың бәрі де «Қымбатты, ағай» деген ыстық сөздермен басталып, «біз сізге мәңгілікке қарыздармыз»,— деген жүрек лүпілі айқын сезілген сөздермен аяқталып жатады. Польша мектебінің оқушыларынан да ыстық ілтипат-лебізге толы құттықтаулар, хаттар үзілген емес. Сол сәттегі, атамның хатты алған кездегі, күйін көрсеңіздер ғой. Балаша қуанған атамның жүзі бұрынғыдан да сұлуланып, жасарып кететін. Маған қымбат шақ—нақ осы сәттер еді, бұл сәттерді мен ештеңеге айырбастамаған болар едім. Атамның нұрлы жүзіне тоймай қарай бергім, қарай бергім келетін.

«Мен бақытымды еңбектен тапқан жанмын, балам. Еңбегімнің жемісін көрген сайын жасара түсем, шаттана түсем»,— дейтін атам. Атамның айтқан ақыл-кеңесі, әңгіме-шежіресі мені кішкене күнімнен баурап алған. Зердеме түйген сол бір асыл да ардақты.

сөздер көкірегімде сайрап тұр. Атамның қоңыр да жұмсақ даусы кеудемде күмбірлеп, асыл мұраттарға үндеп, әлдилейді. Үнемі жанымды тербеп, жебеушім болады.

...Неге екенін білмеймін, сол бір күні мен беймаза күйге түстім, Жүрегім дүрсіл қағып, әлдебір нәрсені шошына күткендеймін. Сабакта да, үйде де өзімді ауыр сезіндім.

Иә, сол күні мен қымбаттым, сүйіктім, абзал атамнан айырылғанымды жүрегіммен сезген екем ғой. Ауруханадағы адамның мәңгілік сапарға аттанғанын естігенде, аспан сатыр-күтір құлап, нажағай шартылдағандай сезімде болдым. Ішкі дүнием аласапыран күйге түсіп, астан-кестен дауыл соққанын, жүрегімнің быт-шыт боп тілімделгенін сезіндім. Жас тамшылары бетімді жуып, алқымыма ащы өксік тығылды. Мен өзімді тоқтата алмадым. «Мүмкін емес, атам тірі, ол мәңгілік өмір сүреді. Менің атам тірі, ті-рі-і», деп жердүниені жанғырта айғай салғандаймын ба, өкіріп жылағандай болдым ба? Әйтеуір, өте қиын, жан төзгісіз халде болдым.

Мен атаммен қош айтыстым.

Қазір атам арамызда жоқ, бірақ оның жарқын бейнесі менің жүрегімнен өшпек емес, өшпейді де.

Атам бақытты өмір сүрді, оны өзі де көзі тірісінде жиі айтатын. «Еңбек түбі-зейнет» дейтін атам, «Еңбек етуден жалықпа, еңбек сені қуаныш пен бақытқа бөлейді, балам».

Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған аяулы атам, атамның өшпес еңбегі жайлы бұдан бірнеше жыл бұрын облыстық «Ленин жолы» газетінде кең көлемді мақала жарияланды.

Ауыл көшелерінің біріне атамның есімі берілді.

Қолым бос уақытта атамның қолымен жазылған қалың қоңыр дәптерді аламын. Ол дәптер менің сырласыма, ақылшы досыма айналғаны қашан. Дәптерде жазылған ақыл-кеңес, өлең, әңгімені құнығып оқыған сайын, алдымнан ғажайып дүние есігі ашылғандай, мені сонау ғарышқа шақырғандай болады. Дәптер парақтарынан атамның өз үні естілуші еді, атамның даусы жаңғырып мені қанаттандырады. Сиқырлы сөздерден атамның өзін көргендей боламын.

Міне, мен ұшқалы тұрмын ғарышқа, ата. Өйткені, жанымда сен барсың, рухтандырған сөздерің бар. Ендеше, маған неге ұшпасқа?..

Әлі есімде мейірімді көздерің,  
Ақыл-кеңес, шежірелі сөздерің.  
Жан аташым, жанымдасың мәңгілік  
Тілегінді орындауды көздедім.  
Бейбіт әлем шұғылалы,  
Атады әрбір таң күліп,  
Балғын бөбек бұл әлемді  
Жүр өрнектей ән қылып.  
Жан аташым, қарыздармын мен саған,  
Биік тұлғаң, күн келбетің  
жасай берер мәңгілік.

*Зина Шадаева,  
10-класс оқушысы'  
Республикалық физика-математика  
мектебі. Алматы.*



## СӨЗ СИҚЫРЫ

«Оқу — инемен құдық қазғандай», — дейді халық даналығы. Әйтсе де «Оқу түбі-тоқу» деген тағы да бар емес пе? Міне, халқымыздың тіл байлығының осындай асыл қазынасынан ақтарылған інжу-маржан тәріздес ата-баба мұрасы біздің тіршіліктегі өз орнымызды тауып, онымыз бен солымызды оңай бағдарлап, ақ пен қараны еркін ажыратуымызға кеңінен мүмкіндік береді.

«Мектеп-білім ордасы, ұстаз — мектеп тұлғасы». «Қыран — түлегіне қайыспас қанат сыйлайды, ұстаз — шәкіртіне талмас талап сыйлайды». Қандай қанатты сөздер! Оқисың да, ойланасың.

Мектеп, білім, ұстаз — бір-бірімен тығыз байланысқан осы үш сөздің кез келгені сырлы жүрекке жол табары сөзсіз. Біздерге жазу сиқырының қыры мен сырын жетік ұсынып, сырлы әлемнің жұмбақ кілтін табуға үлкен ықпал етеді. Сөз құдіретін дұрыс ұға білген кез келген ақыл-ойы жоғары дәрежеде жетілген саналы азамат оны келер ұрпақ санасына жеткізуге ұмтылады.

Халқымыз: «Дарын — жанып тұрған жалын» — дейді. Әр кісінің өз таланты болады. Талант дегеніміз адам бойындағы ең бір ізгі де ерекше қасиет. Кез келген адам өз дарынының жүйрік сезімімен асқақтаған арманына жол табады. Бойындағы дарыны оның асқақ арманына шабыт беріп, өнер әлемінің төріне жетелейді. Ол адамның асқақ арманы оны өмірдегі өз орнына, яғни бақытына бастайды. Бақыт дегеніміздің өзі — еңбек. Еңбекті қашаннан жоғары бағалаған халқымыз оның

күдіретті күшімен игерілген жетістіктер нәтижесіне жүйрік тұлпардай зымыраған уақытқа ілесіп, алдағы табыстар шыңына өрлеп келеді. Біздің елімізде, яғни кез келген азамат еңбекке: «Еңбек ету — парызым»,— деген көзқараспен ғана қарамайды. Олар еңбекті адамгершіліктің паспорты деп ұғады. Бар ғұмырын өзі қалап алған еңбекпен тығыз байланыстырып, өз бақытын еңбектеп тапқан абзал жандар қаншама десеңші! Солардың айғағы ретінде СССР Жоғарғы Советінің және Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, талай съездердің делегаты болған, сонымен қатар Социалистік Еңбек Ері Дөненбаева Қәмшат апамыздың есімі еске оралады. Темір тұлпар тетігін өзінің бес саусағындай жатқа біліп, меңгерген Қәмшат апамыз туған жердің төсінде ақ бидай өсіруде елеулі еңбек етіп жүрген аяулы жандардың бірі. Сонымен бірге бес бала тәрбиелеп өсірген ардақты ана. Нақ осындай абзал жандар жайлы естіп-білген сайын еңбекке деген құлшынысың арта түседі, болашақ жайлы қиялдайсың.

Осы көпшіліктің бірі сияқты менің де алға қойған мақсатым бар. Ол — жазушы болу. Сәбилік шағымнан бастап-ақ көкейіме ұялаған осы бір арман өскен сайын ұлғайып, жүрегіме біржола орныққан тәрізді. Осы арманымның жүзеге асырылуы жолында қолымнан келгенше еңбектеніп келемін. Мақтанғаным емес, шағын мақала, өлең, фантастикалық әңгімелерім облыстық «Коммунизм таңы» газетінде және республикалық «Қазақстан пионері» газеті мен «Пионер» журналында жарық көріп тұрады. «Талаптыға нұр жауар»,— дейді халқымыз. Талаптанған еңбек-

терім елеусіз қалмады. «Қазақстан пионері» газетінің «Коммунистерге қарап өсеміз» атты конкурсының бірінші орнын иелендім және «Береке—86» операциясының жүлдегері болдым, сонымен қатар «Пионер» журналының 1985—86 жылдардағы оқу жылының қорытындысы бойынша «Пионердің» лауреаты атандым. Бұл — мен үшін баға жетпес үлкен жетістік.

Халқымыздың атаулы ақын-жазушыларының кітаптарын оқи отырып, жазу сиқырын түсінгендей боламын. Түсінген сайын сөз құдіреті арта түсетіндей.

*Салтанат Құсаинова,  
10-класс оқушысы,  
Қаратал орта мектебі.  
Боровский ауданы,  
Қостанай облысы.*

## АДАМЗАТТЫ СҮЮ ДЕГЕН ҰЛЫ ҰҒЫМ...

Адамзат жаралғалы бері ана тілі ар-ұждан, адамгершілік айнасы болып келеді. Ана тілі — әр халықтың өзінің төл белгісі.

Адам ана тілімен бақытты, ана тілімен асқақ. Өзіңді көгертпей тұрып, өзгені көгертем деу — бекершілік. Ал өз халқының көсегесін көгертіп, мерей-мәртебесін биіктету үшін алдымен ана уызымен бойға сіңген қасиетті қазына — ана тілін жетік білу қажет.

Қырғыз ақыны Сарноғаеттың сарабалдықпен сарапқа салынып, шын жүрегінен шыққан «Ана тілін білмеген — ақылы жоқ желікбас, Ана тілін сүймеген — халқын сүйіп жарытпас» деген даналық нәрімі көпшілік қуаттап, жұртшылық қолдаған, талғам таразысына салынып, тапжылтпай тауып айтылған сөз сөлі болып саналады. Мұның өзі ана тілінің актуальды проблемалары қай халыққа болмасын, ортақ екендігінің айғағы.

Келешекті болжау кемеңгерлік болса, өз халқының өткенін білу үшін де дарын, тақі талант қажет. Өз халқының талай ғасырғы тарихын таратып айтып, бүге-шігесіне дейін жатқызып, өргізетін өрелі ойлы өр таланттар алдымен ана тілін ардақтап, туған тілін қадір тұтқан.

Ал ана тілін менсінбейтін адамсымақтардың сол ұлт өкілі болып тұмағаны артық. Кейбір себептермен ана тілінде сөйлеу бақытынан айрылғандардың кемшілігін кешіруге болар, ал ана тілінде сөйлеуден арсыздықпен

бас тартқандардың жазасы халық қарғысы болмақ. Өзіне опа бермеген ондай орашолақ ойлылар қияға қол созып, қияннан тоят іздей алмайды. Ондайлар қалыптасқан қасан қағиданың құлы боп, қарапайым өмірдің қалыбынан шыға алмай, қарабайыр күн кешумен өмірден өтеді.

Ана тілін ардақ тұтып, өз ғұмырына алтын арқау етіп өткен асыл адамдар — міне, солар нағыз өр көңілін аласартпай өткен өмір сүйгіш өрен жандар, қайталанбас қадау-қадау тұлғалар. Өйткені, өз халқын сүйе білген адам өзге елді де сүйе біледі.

Туған тілде туған талай асқақ ән,  
Көрем ыстық сезімдерді тастан әр.  
Адамзатты сүю деген ұлы ұғым  
Туған тілді сүюіңнен басталар.

Менің өмірге інкәр, өз халқыма ғашық жұмыр жүрегім осылай деп ой толғап, жыр төгеді.

Өз елін өле-өлгенше сүйіп өтетін, намысын нандай ардақтаған ақиық адамдар өз халқының шаңырағына уық болып тігіле де біледі. «Өз елім — өзегім» деген жасампаз жандар өлшеулі ғұмырын өз махаббатымен өрнектеп өтеді. Ана тіліміздің бағына туған ондай бір кездесер ілкі дарындарымыздың орны — даңқ, тұғыры — көк болмақ.

«Ақын болу — міндет емес, азамат болу — парызың» депті ғой орыс әдебиеті орманындағы емендердің ең алыбы Н. А. Некрасов. Меніңше бұл сөздің түп қазығында «азаматтық дегеніміз — алдымен ана тілін ардақтау»

деген айтпай біл астар, ішің білсін ілтипат жатыр.

Біздің халқымыз тілге кедей емес. Халқымыздың тілдік қоры өте бай. Оның ұланғайыр мүмкіндігі мен баға жетпес байлығын ауызбен айтып жеткізу мүмкін емес. Сөздің небір айбозым астарын айна қатесіз айтпай-ақ ұғатын сөз зергерлері мен тіл ұсталарының өзі тіліміздің байтақтығы мен биіктігін, тереңдігі мен телегейлігін айтып тауыса алмай келе жатқаны да содан болар.

Ана тілім! Сені жұтаң демеспін,  
Байлығыңа қай уақытта теңестім.  
Жамап-жасқап жазған жырым —  
өз кінәм,  
Мен — кедеймін, ал сен кедей емессің.

Қандай халық санар сені кіл өгей,  
Бөлек нең бар адамзатпен бір емей?  
Барлық тілге аударылса Әуезов,  
Сен қай тілсің, дүниелік тіл емей?—

деген ақын мақтанышы шаршы топта шашасына шаң жұқтырмас шалқар дарын, айтулы жүйріктер туған қазақ халқының тіл мүмкіндігінің мол екендігінің айғағы.

Тіл байлығы — рухани байлық. Ол әр халықтың әдебиеті мен мәдениетінің шарайнасы екені даусыз. Ал сол тіл байлығын сақтап, оны одан әрі өрісін кеңітіп, өркендете дамыту, зерделі зерттеулер жасау, кемел келешек иелері — біздердің еншімізге тиеді. Мен өзімді сондай зерделі азаматтардың алғы сапынан көргім келеді. Тіліміздегі уақыттың шаңына шалдығып, тозаңына алдырған, қамқор қол, аялы алақан кез келсе, баяғысынша баданадай жарқырап шыға келмекші сөз аталарының көне тарих көмбесінде, қадім заманғы

тарихымыздың қатпар-қатпарларында қалып жатқаны көңіл алаңдатып, жан ауыртады.

Өзімнен бұрынғылардың өнегелі өмірін жалғастырып, өзімнен кейінгілердің өкпе-назын арқаламау мақсатында мен өзімді осы тіліміздің тазалығы, байлығы, байтақтығы жолында бел шешіп, белсене күреске шығатын болашақ ақын, азамат ақын болуға дайындап жүрмін. Сондықтан, менің өмірлік кредомның өзі осы ана тілімен ұштасып жатыр. Мен өзімді-өзім сондай ұлы арман несі болуға міндетті түрде дайындаймын. Өйткені, жалғасын таппаған жақсы арман көкіректе туындаған көркем жырдың қағазға түспей, қағажу қалғандығындай өкінішке ұрындырады. Адам аласармас армандарымен мықты Ал асқақ арманның асқар шындарында ар — намысының туын тіккен жан — нағыз мықты адам осы. Өйткені, оның қанында халқымыздың бала шақтан болашаққа дейін жоғалтпай, атам заманнан атам заманына дейін ардақтап сақтап келе жатқан аяулы ана тілі бар.

*Рақат Қосбармақов,  
9-класс оқушысы,  
Шыңғырлау орта мектебі.  
Бейнеу ауданы,  
Гурьев облысы.*

## **АНА ТІЛІМ — МАРЖАНЫМ**

*L*

«Ана тілің — арың бұл,  
Ұятың боп тұр бетте.  
Өзге тілдің бәрін біл,  
Өз тілінді құрметте».

*К. Мырзалиев.*

Осы бір өлеңді оқығанда тебіренбейтін жүрек, толқымайтын кеуде бар ма, сірә? Егер бар болса, мен оның жүрегін тасқа, кеудесін мұзға теңер едім. Өмірде ана тіліңнен асқан құдірет бар ма?

Анамның ақ сүтімен бойыма тараған, жаныма қанат бітірген анам тілі — мен үшін өмірімнің биік бәйтерегі. Мен қазір сары ауыз балапанмын, бірақ бәйтеректің биігіне конуды көксеймін. Сондықтан да қанатым талғанша биікке самғаймын. Әлі есімде: мен ең алғаш үшінші класта оқып жүргенімде «Ұстазыма» деген өлең жаздым. Өлеңімді ұстазыма оқып бердім. Сондағы ұстазымның қуанғанын көрсеңіз. Мен де қатты толқыдым. Егер тілім болмаса, жұдырықтай жүрегімнің түбіндегі ұстазыма деген мөлдір сезімді жеткізе алар ма едім? Мен ең алғаш жыр-өрнегімді ана тілінде осылай құрдым. Ана тілім мені шын бакытка, қуанышқа бөледі, ақын деген асқақ арманға қол создырды.

Осы бір мұхиттай шексіз, ғажайып ана тілім — қазақ тілінің соңғы кезде арнасы тарылып, ағысы баяулағаны менің де жаныма қатты батады. Мен ана тілімнің сарқылмас бұлақ болып сылдырап жатуы үшін бар күш-жігерімді салуға тиіспін. Өйткені «ана тілі» деген ұғымның арғы жағында ақ сүт бергек анама, туған жеріме, еліме деген ыстық махаббатым жатыр. Ал оны аяққа таптап қоюға бола ма?! Бүгінгі таңда ана тіліне деген сүйіспеншілігін ұмытып, жадағай жолға түсушілер табылады. Мысалы, алысқа бармай-ақ астана аясына тоқталсақ та жеткілікті. Көшеде, автобуста бір-бірімен орысша сөйлесіп тұрған қазақ балаларын көргенде, оларға



аяушылық сезіммен қарамасқа шараң жоқ. Мүмкін олар өздерін бақытты санайтын да болар, бірақ мен үшін олар нағыз сыңар қанаттылар.

Бұл арада оларды кінәлау да артық болар еді. Бұлай дейтінім, бірде біздің үйге қаладан тәтем қыдырып келді. Қасында бесінші класта оқитын қызы бар. Екеуміз арық жағалап қыдырып жүргенбіз. Бір кезде тәтем қызын шақырып алып: «Қазақша сөйлеме, орысшанды ұмытып қаласың»— деп ескертті. Мұнан әрі айтудың да қажеті жоқ. Бұл тек бір ғана менің тәтем емес, қалада тұратын оқыған, көзі ашық ата-аналардың бірсыпырасының балаға берер тәрбиесі осы іспеттес.

Ана сәбиін, мейлі, тоғыз ай, тоғыз күн құрсағында көтерсін, өмірге әкеліп, ақ сүтімен бойына құт берсін, бірақ балаға ана тілін дарытпаса, онда ол ана аналық парызын өтей алмағаны дер едім.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қазақ және орыс тілдерін оқып-үйренуді жақсарту жөніндегі қаулысынан кейін қазақ тілі қайта жаңғырып, жаңа сипатқа ие бола бастады. Осының бір мысалы ретінде кеше ғана өзіміз болған астанамыздағы Ғ. Мүсірепов атындағы қазақ орта мектебі.

Ондағы оқушылардың бізге көрсеткен ілтипатынан-ақ, ана тілін үйренуге деген ынтазарлығы айқын сезіледі. Осы бір жақсы іс мен үшін де үлкен қуаныш. Осы қуанышқа қосыла отырып, өз жүрегімнің лүпілін жырмен өрнектегім келеді.

Ана тілім — ардағым,  
Ана тілім — маржаным.  
Ақ сүтімен анамның,  
Бойыма менің тарадың.

Гүлі болып сезімнің,  
Нұры болып көзімнің  
Қайда жүрсем біргесің  
Сырласымсың өзімнің.

Ауадай жанның азығы,  
Тірегі сенсің өмірдің.  
Білмесең ана тіліңді,  
Болар ма хошы көңілдің.

Мен өзге тілді де үйренуім керек. Бірақ, алдымен туған тілім — анам тілін құрметтеуім керек. «Ештен кеш жақсы» деген халқымыз. Достар, ана тілін үйренуге күш салсақ, мұхит арнасын қайта толтырып, кемерінен асыруға болады ғой.

*Ләззат Жұмағұлова,  
9-класс оқушысы,  
№ 152 мектеп.  
Шиелі ауданы,  
Қызылорда облысы.*

## **ӘП-ӘДЕМІ-АҚ ҚЫЗ**

Алматы әдеттегідей адамдардың абыр-сабырына толы. Демалыс күні болғандықтан ба, кісі көп.

Келесі бір аялдамада автобусқа бір топ студенттер кірді. Бәрі де қазақтың қара торы жігіттері мен бұрымсыз қыздары.

Мен бір студентке абонементімді ұсынып:

— Тәте, мына билетті бастырып беріңізші,— дедім. Әлгі студент біраз үнсіз тұрып:

— Түсінген жоқпын. Сен не орыс тілін білмейсің бе,— деді мысқылмен менсінбей көз тастап. Және әп-әдемі қазақ қызы орысша айтты мұның бәрін. Сонан соң мен амалсыз орыс тілінде қайталап айтуға мәжбүр болдым.

Кейін студенттер біреулердің орыс тілін нашар білетінін сөз етіп, білгішсіне бастады.

Ал бұл кезде менің оларға ашуым келіп, олардың бір ауыз қазақша білмейтініне намыстанып тұрдым.

Шыдай алмай, олардың дұрыс-бұрыс жақтарын айттым.

— Қарай-гөр білгішсінуің, ана тілін қадірлеуді саған бердік,— дегені, олары, мені қынжылтып тастады.

Сырт қарағанда елеусіздеу көрінетін осы бір оқиға көкейімде қалып қойды.

Ана тілін ардақтау, оны жақсы білу — бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр.

Шұбарлап сөйлейтіндер немесе ана тілін білмейтіндер туралы материалдарды газеттен, журналдан кездестіріп тұрамыз.

Бірақ мен оның нәтижесін әлі көріп жүрген жоқпын. Және біздің астанада қазақ мектептері саусақпен санарлықтай.

Әсіресе тілді шұбарлап сөйлейтін аға-апарларым мен замандастарыма былай дегім келеді:

— Алғаш рет өмірге келгенде «Апа», «Нан» деуге тілің келген. «То есть, так. ну, как дела, привет, пока» т. б. — демеген боларсың.

Ойланып қарап тұрсам, ана тілін алға апаратын, биікке шығаратын біздер, яғни жастар

екенбіз. Сондықтан сол жастардың атынан: «Сүйейік, құрметтейік ана тілімізді» деп бар даусыммен айқай салғым келеді.

*Айнаш Есалиева,  
9-класс оқушысы,  
№ 2 мектеп-интернат.  
Алматы.*

## **БАЛАУСА ЖЫРЫМ — БАЛ СЕЗІМ**

«Кітап — білім бұлағы, білім — өмір шырағы» деп ұлы жазушы Алексей Максимович Горький бекер айтпаған ғой. Ал білім дүниедегі ең үлкен кітап — Әліппеден басталады. Алғаш рет мектеп табалдырығын аттаған кезінде қолыңа сол білім кілтін — Әліппені ұстатқан, бірінші рет білім нәрімен сусындатқан адам кім? Әрине, ол — анамыздай, әкеміздей мейірімді, қарапайым да қайырымды ұстаз. Жұдырықтай жүрегіңе күн нұрындай жылу берер осы ұстаз есімін атағанда, көз алдыңа бірінші болып алғашқы ұстазың елестейді. Кім де болса сол алғашқы ұстазын үлкен сүйіспеншілікпен, ыстық сағынышпен еске алары сөзсіз. Ал менің алғашқы ұстазым — алғаш рет мектеп табалдырығын аттағанда шексіз қуанышпен қарсы алған, көктемнің шуақты күндеріндей жұмсақ мінезді Рая апайым. Абай атамыз «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деген ғой. Сол үш қасиетті де мен Рая апайдың бойынан көре аламын. Ол кісі — біздің әрқайсымыздың ішкі сырымызды түсінетін, міне-

әмізді де жақсы білетін, әрбір қиын сәттерде ақыл айтып, теріс кетсек, дұрыс жолға салып отырудан еш жалықпайтын және ашуды ақылға жеңдіре білетін сүйікті ұстазымыз, тәрбиешіміз. Біздің облысымызда, мектебімізде ұлы ағартушы Ы. Алтынсариннің, педагогтар Макаренко мен Сухомлинскийдің ерен еңбектерін жалғастырушы Рая Сәрсенбаева, Күлтәй Әлменова, Бақыт Қанияхметова, Гүлзира Мұхамеджанова сияқты ұлағатты ұстаздарымыз көптеп саналады. Ол кісілер балаларға, яғни бізге, саналы тәрбие мен сапалы білім беру жолында көптен бері еңбек етіп келеді. Сол себепті де біз ұстаздарға өмірбойы борыштармыз.

Мен абзал жанды ұстаздарыма ыстық алғысымды айта отырып, мына бір өлеңімді сол қадірлі ұстаздарға арнағым келеді.

Келді міне, жасым менің жетіге,  
Әжем айтады: «Ойнайсың сен несіне?  
Алдында тұр биік-биік белестер,  
Сол белестен асу үшін бол күрескер»  
Әжемнің мен әрбір сөзін түсінем,  
Оны естіп, өзімше бір күшке енем.  
Көз алдыма елестейді кең сарай,  
Сол сарайға келе жаттым абайлай.  
Қолында гүл, апай шықты алдымнан,  
Мейіріммен жетеледі ол қолымнан;  
Бастап кірді білім берер сарайға  
Үміт арта қарадым мен апайға.  
Дәл сол күні соғылды алғаш қоңырау,  
Тебіренді шексіз дала осынау.  
Барлық бала қуанғаннан болдық

шат.

Ұмытылмас өмірімде осы сәт.  
Барлық адам сіздерге бас иеді,  
аяулы ұстаздар.

*Раушан Ибраимова,  
8-класс оқушысы,  
№ 1 мектеп-интернат.  
Талдықорған қаласы.*

## **АРТЫМА ЖАУТАҢ-ЖАУТАҢ ҚАРАЙ БЕРДІМ**

Әрине, адам баласы алғаш дүниеге келгенде, ештеңеден хабарсыз болады. Ол өсе келе өзінің ойын, сана-сезімін дамыта түседі. Сөйтіп, жас өспірім бүлдіршін мектеп жасына жетеді. Осы кезде өмір қоңырауы соғылады. Иә, өмір қоңырауы. Сол алғашқы мектеп табалдырығын аттаған сәттерімізді көз алдымызға елестетіп көрейікші. Қандай қызық еді сол күндер. Ол кезде біз бәріміз кіп-кішкентай ғана бүлдіршіндер едік. Алғаш мектеп табалдырығын аттағанда-ақ бойыңды бір тәтті қиял баурап алады. Міне, осы қиял қайда жетелейді дейсіз ғой? Ол биікке, шындардан-шындарға, алыстан қол бұлғап тұрған арман асқарына жетелейді. Адам баласына ең қымбат нәрсе ол — мектеп пен ұстаздар. Тіпті олардың әрбір басқан қадамы біздер үшін өте қымбат. Мектеп қабырғасында жүрген күндер ең бақытты сәттердің бірі шығар...

Әрине, мектепте жүргенде үлгі, тәлім-тәрбие, оның мен солыңды танып, Отанға деген сүйіспеншілігіңді арттырып, тіпті өзіңнің өм-

ріне, келешегіне керек нәрсенің бәрін алтын ұя — мектеп үйретіп, білдіреді емес пе? Небір ғалымдар, жазушылар, бәрі мектептен білім алып, мектептен үлгі алғандар емес пе? Олар осы мектеп көрсеткен кең де ашық сара жол арқылы шыңнан-шыңға, биіктен-биікке көтерілді.

Иә, мектеп өмірі қас пен көздің арасындай-ақ жұлдыздай ағып өте шығады. Ал мектеппен қоштасарда олардың жүздеріне қарасаң, біртүрлі қимастық сезімдерін байқайсың. Әрқайсысы өз мектебіне арнап өлең-жырлар, небір тамаша сөздер айтқысы-ақ келеді. Міне осы кезде менің мектебіме деген сүйіспеншілігім арта түскендей болады. Мен жақында басқа мектепке ауыстым. Үйренген мектебіннен басқа мектепке ауысу деген қиын болады екен. Амал не, әке-шешем басқа жақта болған соң, ауысуыма тура келді. Кетерімде мектебіме жаутандап қарай бердім. Адамға қай жерде жүрсең де алғашқы ұстаздарыңнан, мектебіннен артық ешнәрсе жоқ-ау, сірә? Бір кезде артымнан «Мені, алғашқы мектебінді, ұмытпа. Келіп тұр. Есік әрқашан ашық»,— дегендей болады. Сол кезде алғашқы мектепке келген күндерім көз алдыма келді. Жанарыма жас толды. Қайтейін жағдай солай болды. Қазіргі мектебім де маған қатты ұнайды. Алғашқы мектебімді қалай көрсем, бұл мектебімді де солай көруге тырысамын. Мен өз мектебіме деген сүйіспеншілігімді, оған деген тілегімді мына бір өз өлеңім арқылы баяндағым келеді.

Алтын ұям — мектебім,  
Сенен бәрі таралған.

Сенсің жарық жұлдызым,  
Қасиетің бар әр алуан.

Мектебім сен үйреттің білім жолын,  
Созады алыстан ақ арман қолын.  
Сен үйреттің бәрін де бала кезде,  
Өте шықты-ау сол бір күндер лезде.

*Гүлшат Жанұзақова,  
8-класс оқушысы,  
Үлкеншыған орта мектебі,  
Панфилов ауданы,  
Талдықорған облысы.*

## **ӨТКЕНДІ БІЛМЕЙ...**

Мектеп! Қандай тамаша сөз. Осы бір сөзде терең ұғым жатыр емес пе? Шіркін-ай, мектеп өмірі қандай ғажап! Алты жасқа толып, алғаш мектеп табалдырығынан аттаған күн — әрбір жас баланың үлкен мереке күні ғой. Иә, қалайша ұмыта аласың бұл күнді? Осы күннен бастап сен бір жаңа әлемге тап болғандай сезінесің өзіңді. Бұл — әркімге тән қасиет. Күннен-күнге сенің білімге деген құштарлығың, ынтаң арта түседі. Мектеп тәрбиесіне үйренесің. Мектепте өзіңе дос табасың. Мұның бәрі саған шексіз қуаныш сыйлағандай болады. Онда жақсы оқып, өз еліміздің дарынды азаматы болуды армандаймыз. Үлгілі, сыйлы болу, жақсы оқу — әрбір мектеп оқушысының ең басты міндеті. Ұстаздар да өзінің шәкіртің алға ұмтылдырып, оған барынша мол білім беруге тырысады.



Бала көңіл қиялшыл келеді деген рас та шығар. Кейде өз мектебімді елімізде Совет өкіметі орнағанға дейінгі мектептермен, өз өмірімді сол кездегі балалардың кітаптардан оқып, кинолардан көрген өмірімен салыстырамын да, тұла бойым мұздап қоя береді.

Фу-у, оны несіне салыстырасың, өтті-кетті, бітті,— дейді кейбір балалар.— Текке төбе құйқан шымырлайды.

— Жо-оқ, бәрібір, өткенінді білмей қазіргінді қалай білесің,— деймін. Кішкенедең кейін жаңағы қорқынышты ойлардан арылып, бойымды тәтті, әдемі сезімдер билейді. Шынында айналамызға қарайықшы, біздер үшін жасалып жатқан жақсылықтар қаншама?! Сондықтан, жан достар, бәріміз де жақсы оқып, мектебіміздің тарихында үлгілі оқушы ретінде қалыптасайық. Ішкі жан дүниемізді терең түсіне білген, ұстаздарымызға, ұмытпас алтын ұя-мектебімізге шексіз алғысымызды айта, келешекте өз еліміздің бетке тұтар азаматы болайық. Үлгілі ісімізбен мектебімізге барлық уақытта қуаныш әперейік.

Осы сөздерді жүрегіммен тебірене жаза отырып мен де өз мектебімді есіме алдым. Осындай білім шыңына жетелей білген аяулы алтын ұя — мектебіме шексіз алғысымды жаудырамын. Келешекте осы мектебімнің берген білімін ақтай білуге мен де адал еңбегімді жұмсаймын.

*Салтанат Оспанова,  
8-класс оқушысы,  
№ 30 мектеп. Сарыағаш ауданы,  
Шымкент облысы.*

## БҮГІН БІЗДЕ ТОЙ

Біздің алтын ұя-мектебіміз көрнекті совет педагогы, белгілі жазушы Антон Семенович Макаренко атында. Бұл есім біздер үшін үлкен мақтаныш. Әр адам өзінің алтын ұя мектебін үлкен мақтаныш сезіммен айтады емес пе?

Мектеп... Осы бір сөзден біздің бүкіл өміріміздің алғашқы баспалдақтары басталады ғой. Кімге де болса он жыл білім берген, адалдыққа кішіпейлдікке, мәдениеттілікке үйреткен, болашаққа жолдама берген алтын-ұя — мектебі қымбат. Өміріміздің алғашқы қадамы басталған жер әр кез ыстық.

Иә... Он жыл білім берген, алтын ұям, сен кімге де болса ыстықсың. Тіпті үлкен ғалымдар да осы мектептен білім нәрін алып шықпайма? Антон Семенович Макаренконың өзі де мектепте оқыды. Колония мен коммунада қызмет еткенде, көптеген қиыншылықтарға ұшырасты. Бұзақылық жолға түскен, көше кезбелері атанған балаларды дұрыс жолға салды. Қиыншылықтың бәрін жеңе білді. Міне, нағыз совет педагогы, осындай-ақ болар.

Көрнекті совет педагогының есімі берілген біздің мектебімізде жақында үлкен оқиға болды. Антон Семенович Макаренконың туғанына 100 жыл толуы құрметіне тарихи орын — музей ашылды.

Музейді жабдықтау үшін мектеп оқушылары, ұстаздар коллективі көп еңбек сіңірді. Аудан мектептерінің де көмектері аз болған жоқ.

Біздің Сырдария ауданындағы барлық мектеп оқушылары ынтымақтастық жәрмеңкелерін ұйымдастырып, одан түскен қаржыны музейге аударып отырды. Біз бұл игі істің көшбасшысы болдық. Музейге қажетті заттарды Полтава, Қрюкова қалаларынан алдық. Менің де көңілім алабұртып, жүрегімді жыр шумақтары түрткілейтін сияқты. Иә...иә... 13 март. 1988 жыл. Бүгін музейдің салтанатты ашылуы. Мектебімізге аудан басшылары, совхоз еңбеккерлері, соғыс және еңбек ардагерлері, совхоз тұрғындары шақырылды.

Мектеп ішін күмбірлеген әсем музыка сазы кернеп тұр. Салтанатты киінген мектеп оқушылары мен ұстаздардың жүздері бал-бұл жанады.

Жер-ананың жібiген көктемiнде,  
Ұлы ұстаздың дауысы жеткенiнде.  
Адамдар Антон тойын тойлап жатыр,  
Ән қылып бүгiнiн де өткенiн де...

Одан әрi... тоқта...

Митингi де басталды. Онда көптеген кiсiлер сөз сөйледi. Музей лентасын аулымыздың қарт тұрғыны, соғыс және еңбек ардагерi Көзейбаев Әлиакбар ағай қиды. Барлық кiсiлер музейдiң iшiне кiрiп, оның экспонаттарымен танысты.

Алдағы уақытта пионер, комсомол қатарына оқушылар салтанатты түрде музей iшiнде қабылданатын болады. Үздік оқитын, қоғамдық жұмыстарға белсене араласатын оқушылар музейде кезекшілікке тұрады.

Музей — біздің мақтанышымыз.

Бiзде осындай бiр той болып өттi. Содан алған әсерден әлi күнге дейiн арылған жоқ-

пын. Қиялым қанаттанып, қиырға алып ұшады. Жыр жазғым келеді... шіркін адам жанын дәл беретін ақын болсам ғой деймін де, өткен тойға қайта ораламын...

Мереке Макаренко мектебінде,  
Нәр алып білімінен көктедім де.  
Ойымда орнығады ұлы адамның  
Әр сөзі арман қуып кеткенімде.

*Бекзат Динаева, 8-класс оқушысы,  
№ 174 мектеп. Сырдария ауданы,  
Қызылорда облысы.*

## ОҢАША ОЙДЫҢ ОТАУЫНДА

Күй... Адамды еріксіз толғандыратын күдіретті де қасиетті күш. Басқаларды қайдам, өз басым қазақтың сонау көне заманнан келе жатқан екі шекті аспабын мәпелеп, қастерлеймін. Менің ойымша, домбыра — халқымыздың тағдырын бейнелеуші. Ол — тарихта өшпестей із қалдырған. Небір замандарды басынан өткерген куәгер. Оған Құрманғазы атамыздың күйлері айқын айғақ. Оларды тыңдаған кезде жаның тебіренеді. Неге екенін білмеймін, ұлы күйшінің әр шығармасы көз алдыма әртүрлі сурет береді. Бірде көзімді жұмып отырып, кәгілдір аспанның астында әдемі жүйрік аттың үстінде шауып келе жатқан батырды көрсем, бірде кісенді ашқысы келіп отырған бейтаныс, бірақ өзіме соншалықты жақын адамды елестетем...

Әрине, кейбіреулер шығармамды домбыра мен оның сазды үнінен бастағанымға таң қа-

лар. Бірақ тереңірек ойға шоматын болсақ, осы екі қайталанбас нәрсе дүниеге қазақ халқына тән барлық қасиеттерді паш етіп тұрғандай. Қыздарымыздың бойындағы нәзіктік, биязылық, кішіпейілділік, ал жігіттерімізге тән қайыспас темірдей өжеттілік айқын аңғарылады. Иә, халқымыз алуан түрлі, сан қилы белестерден өтті. Оның тарихы үлкен-үлкен кезеңдермен сипатталатын шым-шытырық оқиғаларға толы Сондықтан қазіргі бейбіт кезде халқымыздың басынан өткізген ауыр тағдыры ешқайсысымызды шет қалдырмауы керек. Тіпті өмірдің босағасын алғаш аттағалы тұрған біздер де болашақта ел тағдырын бірге бөлісіп, ізгі ниеттілікпен қызмет етуіміз керек. Өйткені әрбіреуіміз анамыздың алдында қанша борыштар болсақ, Отанымыздың алдында сонша қарыздармыз. Мысалы, мен гүлдей жайнап, әр нәрсеге қызыға да ұрлана көз тастайтын бүлдіршіндерге қамқоршы, өмірге жолдама беруші болғым келеді. Соның ішінде қазақ әдебиеті мен қазақ тілінің маманы болуды арман етем. Өйткені тіл мен әдебиет — адамның ойлау, қарым-қатынас жасау құралы ғана емес, оның жаны мен мәні де. Мәдениетінің өлшемі де. Сондықтан болар, халқымыздың бұлбұл ақыны Мұқағали Мақатаев, өзінің бір өлеңінде былай деп жырлайды:

Ең бірінші бақытым — халқым менің,  
Соған берем ойымның алтын кенін.  
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын  
Қымбаттырақ алтыннан нарқым менің.  
Ал екінші бақытым — тілім менің,  
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.  
Кей-кейде дүниеден түнілсем де,  
Қасиетті тілімнен түнілмедім.

Иә, Мұқағали ана тілді бақытқа теңеп отыр. Шынында да, өз ана тілін білмеген адам — бақытсыз. Оның өмірде өз орнын таба алатындығына мен күмәнданам. Сондықтан гүл-бәйшешектердің жайқалып, жайнап өсуіне күн мен жаңбыр қалай керек болса, ел тағдыры үшін, оның қамын ойлай білетін жас толқындар дайындау солай керек.

Әр халықтың өзінің тамаша ұл-қыздары бар ғой. XX ғасырдың үлкен жазушысы Мұхтар Әуезовті алатын болсақ, ол — қазақ халқының қайталанбас перзенті, данасы. Оның шығармалары — халқымыздың мол қазынасы, өшпес мұрасы. Мысалы: «Абай жолы» роман-эпопеясына көз жүгіртіп өтетін болсақ, халқымыздың тарихына көз жүгірткендей боламыз. Қаламгер шығармасының басты кейіпкері Абайды сөз қыла отырып, оқырманды қазақ халқының этносымен таныстыра отырады. Сондықтан оны қазақ халқының өткендегі тағдырын бейнелеудегі өзекті шығарма деп атаймыз.

Сонымен қатар бұл тақырып біздің поэзиямызда да көрнекті орын алуда. Кез келген ақынның жинағын ашып қалсақ, бірінші қатарда әр уақытта қалам тербеушінің Отанына, еліне деген сүйіспеншілігін бейнелейтін шығармалар тұрады. Соның ішінде, мен қайтадан өзім сүйіп оқитын Мұқағали Мақатаевқа оралғым келеді. Ол:

Қайтер дейсің қара бастың толғағы,  
Тек жұртымыз күрсінбесе болғаны,—

деген жолдарда халқының қамын ойлап,

оны басқа барлық мәселелерден жоғары қояды.

Сондықтан, мен болашақ ұрпаққа осы кісілерді үлгі ете отырып, дәл Мұхтар, Мұқағали ата-ағалардай, өз елінің, халқының тағдырын ойлауды бірінші міндет етіп қояр едім. Халқымыздың осындай ойшылдары көбейе берсе екен.

*Эльмира Оразалиева, 10-класс  
оқушысы, № 12 мектеп. Алматы.*

## **ШАРШАҒАНЫҢДЫ ҰМЫТТЫРАДЫ**

...Он жыл. Алғашында бітпейтіндей көрінетін ұзақ та, аттай, он жыл өмірің...

Көктем гүліндей күлпырып, ата-ананың құшағында, Отан алақанында, мектеп аясында асыр салып жүрген кездерің, өзін қадір тұтып, ыстық көрінетін мектеп-анаң...

Бәрі де естен кетпестей.

Мектебің мен Отаныңа адал қызмет етіп, саналы Совет азаматы болып шығуға тәрбие аласың, білім теңізінен сусындап, ұяда отырған балапандайсың. Әсіресе, оныншы класта оқып жүрген кезінді айтсаңшы! Бұл кезең өміріңнің алғашқы баспалдағындай болса керек, ең жауапты кезең де осы. Сенің мамандық иесі болуға деген әзірлігің де, өмірдің қиын да бұралаң соқпақтарына қадам жасауың да осы кезден басталады.

Әрбір адам өзінің жасынан қалаған маман-

дығын игеруге тиіс. Ал, оның негізі мектеп қабырғасында жүргенде-ақ қаланады және міндетті түрде солай болуы керек. Сол үшін де елімізде бұған қажетті жағдайлар жасалған. Кәмелетке толғанға дейінгі мектеп қабырғасында жүрген кезің өзінше бір үлкен өмір. Сен ол кезде ата-ана құшағында, Отан алақанында, мектеп аясында — үш ортада тәрбиеленесің. Екінші ата-анаңдай болған мұғалімдерің сені білім нәрімен сусындатып, небір ізгілік, адамгершілік атаулыны үйретуден жалықпайды.

Ал, сен осы қамқорлықтың бәрін қалай ақтайсың? Біздің Совет елінде әрбір оқушы, студент үшін қаншама көп қаржы бөлінеді? Сондықтан сен мамандықты дұрыс таңдап, оны игере білгенде ғана қоғамға пайда келтіресің. Бірақ әлі де арамызда кездесіп қалады, кейбір балалар мектепте нашар оқиды. Өз қалаған мамандығы бойынша оқу орындарына түсе алмағандықтан, басқа мамандықтағы оқуға баруға еріксіз мәжбүр болады. Ал, бұл не? Мұндай адамдардан қандай саналы азамат шықпақ? Өз ісіңе беріліп істегенде ғана жұмысың өнімді де, сапалы болмақ, қоғамға пайда келтірмексің.

Сондықтан да, мектеп табалдырығын аттағаннан-ақ өзің бір мамандыққа қызығып, соған бейімделе беруің керек. Осыған байланысты Совет елінде әрбір адамға кез келген оқу орнының есігі ашық, қалағаның білсін. Тіпті қазір еліміздің кез келген оқу орындарында шетел студенттері де оқып, білім алады.

Ал, осы орайда капитал билеген елдердегі жағдайды айтсақ...?



Жә, оның беті әрмен, онан да өз таңдаған мамандығым туралы айтайын. Онжылдықты бітірген соң, МГУ-дің физика-математика факультетін бітіріп, ұстаз болмақпын. Өзіме сабақ беріп жүрген ұстаз-мұғалімдеріме қызығамын-ақ. Ұлы Абай атамыздың:

Ақырын жүріп, анық бас,  
Еңбегің кетпес далаға.  
Ұстаздық еткен жалықпас,  
Үйретуден балаға,—

деген өлеңінен-ақ көруге болады, ұстаз болу — өте қиын мамандық. Бірақ әңгіме қиындықта ма екен. Жо-оқ... Олай дейтінім, менің өз мамам да — мұғалім. Мен оның таңертең кетіп, кешке келетінін, күні бойы оқушылармен жұмыс істеп шаршайтынын да көрем, бірақ соның бәрін ол бізге сездірген емес, көңілді күйде отырады.

«Ұстаздық — қиын мамандық. Бірақ оқушылар арасына барған кезде шаршағаныңды елемей де, ұмытып та кетеді екенсің» — дейді мамам. «Рухани сергітіп, шабыттандырып отыратын қуатың қандай күшті еді» деп ұстаздық мамандыққа бұрынғыдан да қызыға түсемін.

*Нүркен Өтеуов, 8-класс оқушысы,  
Республикалық физика-  
математика мектебі. Алматы.*

## **БАСПАДАН**

Кешегі «бала шәкірт Абай» болып алаулаған жастық қазір де шарпулы оттай, ақылы

ақылға бас имеген мінездей албырт. Әрине, өз болмыс, өз табиғатымен парасат дүниесіне дендей бойлап, ғаламдық проблемалардың шешімін саналы түрде саралап бере де алмас, әйтсе де пендешілік мінездерге аза бойы қаза тұрып, қарсы шығары, әділет жолына бірінші болып жармасары сөзсіз. Сонда... сонда... сонда... «Жұмыр жердің тыныштығы неге бұзылады?» деп бұлқынар бұла көңіл, «Ұстазым менің, саған қарап бой түзеймін» деп сыбырлар жас жүрек, «Тілім құрыса мен де құримын» деп тереңнен тіл қатар перзенттік борыш. Қазақ тілі мен әдебиетінен 1988 жылы тұңғыш рет өткен республикалық олимпиадаға қатысушылар көп тақырыптың ішінен осы үшеуін таңдап алыпты. Демек, партиямыз бен үкіметіміз соңғы жылдары айрықша назар аударып отырған осы үш мәселе — жұмыр жердің тыныштығы, сол жердің шын мәніндегі иесі — адамдардың азаматтық позициясының қалыптасуы, көп ұлтты Отанымыздың шоқтана гүлденуінің бір көрінісі — ұлттық мәдениеттің, ұлттық тілдің өз қайнарынан сусындап, еркін дамуын қамтамасыз ету оқушыларымызды тіпті де бей-жай қалдыра алмайтыны ғой.

Жалпы алғашқы қадам атаулыға тән «әттеген-айлардың» осы олимпиада тұсында да бой көрсетіп қалғаны рас. Әйтсе де жүрек лүпілімен қолдарына қалам алған жас өспірімдердің осы «әттегене-айларына» кешірім жасай келе, балауса сезімдерін әсем айшықтай білген сәттеріне үмітпен қарадық. Айталық, Зина Шадаеваның соғыс ардагері, ұстаз болған марқұм атасы Мәжит Мырзабаев туралы толғанысын тебіренбей оқу мүмкін

емес. Ботакөз Дүйсенованың үш тілдің бірдей ұстазы, өз ұлты поляк, соған қарамастан орыс, қазақ және неміс тілінде сабақ беретін, «Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген мұғалім» Ольга Иосифовна Мырзагелдинова апайына арналған шығармасында да шәкірттің мөлдір махаббаты қағазға құйыла қалғандай. Кейбір қалт басқан, ой, сөз қайталанған тұстарға қалам тигізіп, ал таза бұлақтың сылдырындай нәзік әуенге құлақ түргізгендерін, қанаты қатая түссе екен деген игі тілекпен оқушы назарына ұсынып отырмыз. Сәт сапар, жас достар!

## МАЗМҰНЫ

Бал дәурен, балғын үміт . . . . .	3
АШЫҚ АСПАН . . . . .	
Қумаш аганың қолтаңбасы . . . . .	8
«Бейбітшілік» деп соғады жүректер . . . . .	10
Жер — анаға тыныштық керек . . . . .	14
360 сом 56 тиын . . . . .	16
Айналайын ақ мамам . . . . .	20
Тыңда, Америка . . . . .	21
Пелтиерге азаттық тілейміз . . . . .	24
Үмітінді сөндірмеші . . . . .	29
Шар ұшырдым қолымнан . . . . .	27
БИІҚ ТҰҒЫР . . . . .	
Бала шақ пен болашақ . . . . .	34
Жүрегімнің сырлары . . . . .	39
Үш тілдің бірдей ұстазы . . . . .	42
Сені ойладым, ата! . . . . .	44
Сөз сиқыры . . . . .	50
АЛТЫН БЕСІК . . . . .	
Адамзатты сүю деген ұлы ұғым . . . . .	54
Ана тілім — маржаным . . . . .	57
Әп-әдемі қыз . . . . .	60
Балауса жырым — бал сезім . . . . .	62
Артыма жаутаң-жаутаң қарай бердім . . . . .	64
Өткенді білмей . . . . .	66
Бүгін бізде той . . . . .	68
Оңаша ойдың отауында . . . . .	70
«Шаршағаныңды ұмыттырады» . . . . .	73
Баспадан . . . . .	75

*Для детей среднего и старшего возраста*

**БИЕНИЕ ЮНЫХ СЕРДЕЦ**

(Сборник олимпиадных сочинений)

*(на казахском языке)*

Редакторы *Н. Жанаев.*

Суретшісі *Ю, Юрьев.*

Көркемдеуші редакторы *К. Өтебаев.*

Техн. редакторы *М. Өмірбекова*

Корректоры *К. Рахманбердиева*

**ИБ № 4558**

Теруге 27.04.89 жіберілді. Басуға 21.04.90 қол қойылды. Пішімі 70×90<sup>1/32</sup>. УГ 16072. Баспаханалық № 2 қағаз. Өріп түрі «Әдеби». Шығыңқы басылыс. Шартты баспа табағы 2,925. Шартты бояулы беттаңбасы 3,144. Есептік баспа табағы 2,649. Тиражы 12400 дана. Заказ № 854. Бағасы 10 тиын. Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетінің «Рауан» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспектісі, 143-үй.

Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетінің «Кітап» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің Полиграфкомбинаты, 480002, Алматы қаласы Пастер көшесі, 41-үй.